Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 33 (1088)

26.08.2022

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БРИФИНГ

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

БАҚ өкілдерімен кездесті

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС II СЕССИЯСЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ҚАЙТА ҚҰРЫЛАТЫН ОБЛЫСТЫҚБАСҚАРМАЛАРДЫҢТІЗІМІТАНЫСТЫРЫЛҒАНЕДІ. ОСЫ ОРАЙДА ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАЛАРЫ БІРІКТІРІЛІП, «ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ» БОЛЫП ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ.

Журналистер үйінде өткен басқосуда облыстың екіге бөлінгені жайлы сөз қозғалды. Бұрынғы Ішкі саясат басқармасының орнына Қоғамдық даму басқармасы құрылып, оған 4 коммуналдық мемлекеттік мекеме (Жетісу жастары, Қоғамдық келісім, Дін саласындағы зерттеу орталығы, Коммуникациялар мен мониторинг орталығы) қосылғаны мәлімделді.

Басқарма басшысы Болат Бақбергенұлы атқарылып жатқан жұмыстарын атап өтіп, алдағы уақытта ойға алынған жобаларды да пысықтады. Сонымен қатар алдағы мемлекеттік мереке Конституция күніне орай ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталды. Атап айтсақ, атаулы күнге орай облыс көлемінде 100-ден астам маңызды шара ұйымдастырылмақ. Оның ішінде: көшелер мен алаңдарды тақырыптық безендіру, конференциялар, түрлі семинарлар, акциялар, кездесулер, мәдени-көпшілік шаралар, әлеуметтік маңызы бар нысандардың ашылуы және спорттық жарыстар бар.

– Мереке қарсаңында заңгерлердің, құқықтанушылардың, саясаттанушылардың, үкіметтік емес ұйымдар мен сарапшылар қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен «Жаңа Конституция – Жаңа Қазақстанға бастайтын жол» атты конференция өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар көптеген спорттық шара ұйымдастырылады. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен қалалық иппродромда республикалық Аламан бәйге өткізіледі. Бас жүлдеге 41 шақырымға шыдас берген шын жүйрікке автокөлік тігіліп отыр. Хоккейден Қазақстан Республикасының чемпионаты ұйымдастырылды, сондай-ақ, қазақша күрес өткізу де жоспарлануда , – деді Б. Бақбергенұлы.

Жиын соңында БАҚ өкілдері басқарма басшысына көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Журналистер қауымы бұқаралық ақпарат құралдарының ендігі қызметіне байланысты ақпараттар алды. Атап айтқанда, «Жетісу» телеарнасы ЖШС мен «Жетісу» газеті қалыпты режимде Жетісу облысында қалып, жұмыс істейтін болды. Ал «Өлке тынысы» ЖШС жыл соңына дейін Алматы және Жетісу облыстарына тең қызмет атқармақ. «Огни Алатау» газеті де Алматы облысына көшіріліп, біздің өңірде орыс тілде жарияланатын жаңа газет ашылмақ.

Брифингте белгілі болғандай Жетісу облысының жаңа эмблемасын әзірлеуге байланысты конкурс ұйымдастырылыпты. Облыс эмблемасының эскизі облыстық мәслихаттың шешімімен бекітіліп, алдағы уақытта БАҚ-да жарияланады.

Басқосуда басшылардың өткізетін брифингтері туралы да сөз қозғалды. Мұндай кездесулер облыс әкімі орынбасарының ұйымдастыруымен жүзеге аспақшы. БАҚ өкілдері үшін арнайы брифинг кестесі де бекітілген. Онда аудан, қала әкімдері мен басқарма басшылары өз жұмыстарының жүргізілуі туралы баяндайды. Сондай-ақ облыстық «Жетісу» телеарнасында апта сайын тікелей эфирде басқарма басшылары жұмыс қорытындысы бойынша халық алдында есеп беру кездесулерін ұйымдастыру жоспарлануда.

А. НҰРЖАПАР.

АНДАТПА

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РК — 3 стр.

КОМИССИЯ ПО КОНТРОЛЮ ЗА ЦЕНАМИ ГСМ

ЭКОНОМИКА — 5-бет

АЛТЫ АЙДАҒЫ КӨРСЕТКІШ

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ — 7-бет

БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100 — 13-бет

ӘН ӨНЕРІНІҢ ПАДИШАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «БІЛІМНІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ОТАНШЫЛДЫҚ, БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ» ТАҚЫРЫБЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ. ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСКЕ ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ МАРАТ СҰЛТАНҒАЗИЕВ АРНАЙЫ ҚАТЫСТЫ.

Алғашқы болып сөз алған Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев биыл білім саласының бюджеті 274,7 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 34 млрд. теңгеге артқанын жеткізді.

Облыста 54 мектеп үш ауысымда жұмыс істейді. Ол барлық мектептің 12,7 пайызын құрайды. Сонымен қатар білім ошақтарында 23 273 оқушы орны тапшылығы бар. Оны жою мақсатында 2022-2025 жылдар аралығында 62 мектептің құрылысын салу жоспарланған. Биыл 20 білім беру нысаны салынуда, оның 12-сі қолданысқа берілмек. Аз қамтылған отбасынан шыққан 27 765 бала мектеп формасы және оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтылуда. Демеушілер мен жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер тарапынан жасалған көмектің арқасында 17 019 оқушы мектепке толық даярлықпен бармақ.

Жаңа оқу жылында мектебі жоқ 37 елді мекеннен 3 мыңнан астам оқушы тасымалданып оқытылады. Мектептердің 80 пайызында ыстық тамақ ұйымдастырылған. Аз қамтылған отбасы жеткіншектері тегін ыстық тамақпен қамтылады.

– Білім саласындағы өзекті мәселенің бірі – тәрбие жайы. Біз әр баланы «елім», «жерім» дейтін отансүйгіш, мемлекетіміздің өркендеуіне саналы түрде үлес қосатын еңбеккор, білімді азамат етіп тәрбиелеуге тиіспіз. Бұл – біздің ағалық парызымыз, азаматтық борышымыз. Осы ретте айта кетер бір жақсы жаналық, облыста бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл жұмысын бастайды. Бұл бала құқығын қорғаудағы көптеген мәселені шешуге ықпал етері сөзсіз, – дей келе Марат Елеусізұлы оқу жылында үлкен жетістікке жетіп, республикалық кәсіптік байқаулардың жеңімпазы атанған бірқатар ұстаздар есімін ілтипатпен атады.

Келесі кезекте сөз сөйлеген Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов бала бойына сіңірілуге тиіс негізгі құндылықтар – терең білім мен патриотизм екенін айта келіп, оны шәкіртке дарытатын ұстаздардың мәртебесін көтеруге мейлінше көңіл бөлініп жатқанына тоқталды.

– Бұрын ұстаздар үй аралап, есік қағып, мектепке баратын балаларды түгендеді. Қоғамдық жұмыстарға тартылып, аула да сыпырды. Қажетті емес есептер жүргізді. Қазір ел Президентінің қолдауымен педагогтерге қатысты көптеген мәселе шешімін тапты. Жалақылары көбейді. Алдағы жылы да 25 пайызға көтеріледі, – деді. Сондай-ақ биылғы жылдың жақсы жаңалықтарымен де бөлісіп, жаңа оқу жылында мұғалімдер мен директорлар бес күндік жұмыс аптасына көшетінін, оқу жылын 31 мамырға дейін ұзарту арқылы оқу жүктемесі жеңілдейтінін, бүгінге дейін 37 мектеп директоры және 12 балабақша меңгерушісі ротацияланғанын, бұл білім мекемесі жұмысын жандандыруға мүмкіндік беретінін жеткізді. Ең басты жаңалықтың бірі – алдағы жылдан бастап мұғалімдерге «Ұстаздық қызметіне адалдығы үшін» медалі табысталады. Бұл марапатқа мектепте 25 жылдан астам қызмет еткен ұстаздар қол жеткізбек. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып, алдағы 3-4 жылда үш ауысымды мектептер түгелдей жойылмақ.

Тамыз кеңесінде Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Салтанат Беспаева баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жиын соңында өткен оқу жылында үздік нәтиже көрсетіп, талай жыл қажырлы еңбек еткен ұстаздарды Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен марапаттаса, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыс етті.

А. ЕСЕНБАЙ.

ӨҢІР ТЫНЫСЫ

СЕНАТҚА ДЕПУТАТ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Жаңадан құрылған Жетісу облысының атынан ҚР Парламенті Сенатына 2 депутат сайланды. Жалпы сайлауға 4 адам кандидат ретінде қатысты.

Жетісу облысының аудан, қала, облыстық деңгейдегі 138 депутаты осы аталған кандидаттарға дауыс беріп, басым дауысқа Ғалиасқар Сарыбаев пен Амангелді Толамисов ие болды.

Сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Дауытов түсіндіріп өткендей, Ғалиасқар Сарыбаев сенатқа 2020 жылы сайланған кандидаттың орнына, Амангелді Толамисов 2017 жылы сайланған Сенат депутатының орнына барады.

Жаңадан құрылған үш облыстан Сенат депутаттығына барлығы 12 кандидат үміткер болған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АКЦИЯ АЯСЫНДА

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫ

Көпбалалы отбасына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» қайырымдылық шарасы Талдықорған қаласындағы 54380 әскери бөлімінде биыл да жалғасын тапты.

Мектепке баратын балалардың қадамдарына сәттілік тілеп, жаңа оқу жылына дайындық жасап жүрген ата-аналарға жәрдемдесіп, көмек көрсетуді, сондай-ақ, балалардың көңіл-күйлерін көтеруді мақсат еткен мерекелік шара жиналғандардың көңілінен шықты. Әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі бөлімнің басшысы Дария Досанбековамен бірлесе отырып қайырымдылық шараға атсалысқандар демеушілік танытудан аянып қалмады. Атап айтсақ «Халық банк» акционерлік қоғамы әскери қызметшілердің көпбалалы отбасының 10 баласына оқу құралдары мен мектеп сөмкесін табыс етті. Мұнымен қоса «Атамекен» кинотеатрындағылар балалардың назарына достық туралы мультфильмді тамашалауға мүмкіндік берсе, ондағы фастфуд орталықтары балалар үшін пицца, суши секілді тағамдарын ұсынып, көңілді отырыс ұйымдастыруға ат салысты. Сонымен қатар осы күні «Стамбул» донер орталығы да балаларға арнап донер мен тәтті балмұздақтарын тегін таратты. Балалардың мектеп алдындағы көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына себепкер болған 54380 әскери бөлімінің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі бөлім басшысы барлық демеушіге ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттарын табыс етті. Осындай шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған Дария Досанбекованың атына ата-аналар тарапы рахметін айтты.

Гүлзада СЫДЫҚОВА,
ҚРҚК қызметкері.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РК

КОМИССИЯ ПО КОНТРОЛЮ ЗА ЦЕНАМИ ГСМ

Комиссию по контролю за ценами и недопущению дефицита ГСМ создадут в Казахстане. Премьер-Министр РК Алихан Смаилов поручил в случае необоснованного повышения цен на ГСМ обеспечить принятие соответствующих мер реагирования, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Поручаю Роману Васильевичу (Скляр) создать под своим руководством постоянно действующую комиссию по контролю за ценами и недопущению дефицита ГСМ. Министерству нацэкономики совместно с Агентством по защите конкуренции и акиматами в случае необоснованного повышения цен обеспечить принятие соответствующих мер реагирования», – сказал Алихан Смаилов.

Также Министерству индустрии, Казмунайгазу и КТЖ было поручено принять меры по обеспечению своевременной отгрузки нефтепродуктов с НПЗ.

«Кроме того, министерствам цифрового развития и энергетики – ускорить внедрение информационной системы по контролю суточных лимитов отпуска дизтоплива. В период уборочной кампании Министерству энергетики совместно с акиматами регионов держать на постоянном контроле вопрос своевременного обеспечения аграриев горюче-смазочными материалами. Ербол Шыракпаевич (Карашукеев), продолжайте ежедневный мониторинг хода уборочных работ», – добавил Алихан Смаилов.

ПРОБЛЕМА

В МИНИСТЕРСТВЕ ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ ЗАЯВИЛИ, ЧТО В ЮЖНЫХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА ЗАПАСЫ ВОДЫ ПОЧТИ СЕБЯ ИСЧЕРПАЛИ. ДЕФИЦИТ НАБЛЮДАЕТСЯ В ТУРКЕСТАНСКОЙ, ЖАМБЫЛСКОЙ И КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ, ГДЕ НЕПОСРЕДСТВЕННО ЗАНИМАЮТСЯ СЕЛЬСКИМ ХОЗЯЙСТВОМ, ПЕРЕДАЕТ КТК.

ЗАПАСЫ ВОДЫ ПОЧТИ ИСЧЕРПАНЫ В ТРЕХ ОБЛАСТЯХ

В ведомстве планируют ужесточить контроль за нарушениями, чтобы воды хватало как населению, так и предпринимателям. Однако для этого как минимум нужно увеличить количество инспекторов. На текущий момент в Казахстане всего 62 человека проверяют, насколько правильно используются водные ресурсы.

В Минэкологии пояснили, что для полноценной и качественной работы нужно около 600 таких сотрудников. Также специалисты считают, что необходимо изменить законодательство, ведь сейчас о проверке бизнесменов предупреждают заранее. И они успевают подготовиться.

«Действующая система госконтроля требует сначала посадить в план, предупредить предпринимателя заблаговременно, выйти на проверку. На все это уходит от нескольких месяцев до полугода. За это время мы, уже придя туда, не можем это зафиксировать. Надзор предполагает только оперативное время», – отметил руководитель управления Комитета по водным ресурсам Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК Марат Иманалиев.

ЦЕНООБРАЗОВАНИЕ

РЯД СЗПТ ПОДОРОЖАЛИ

РОЖКИ, ПОДСОЛНЕЧНОЕ МАСЛО, ТВОРОГ И САХАР ПОДОРОЖАЛИ В КАЗАХСТАНЕ. ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ИСПОЛНЯЮЩЕГО ОБЯЗАННОСТИ ЗАМЕСТИТЕЛЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА – МИНИСТРА ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ РК СЕРИКА ЖУМАНГАРИНА СОСТОЯЛОСЬ СОВЕЩАНИЕ ПО ВОПРОСАМ СДЕРЖИВАНИЯ ЦЕН НА СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫЕ ТОВАРЫ, ПЕРЕДАЕТ ZAKON.KZ.

За прошедшую неделю стоимость социально значимых продовольственных товаров выросла на 0,2%. Наибольший рост: рожки (+2,1%), рис, масло подсолнечное и соль (+1,3%), мука, творог и сахар (+0,6%). Снижение цен отмечается по линейке овощной продукции: лук (- 4,6%), картофель (- 1,8%), капуста (-1,7%) и морковь (-1,5%), – сообщили в пресс-службе правительства.

Председатель комитета торговли Министерства торговли и интеграции Ержан Казанбаев поднял вопрос о необходимости усиления работы действующих в областях комиссий и мониторинговых групп по торговой надбавке. По его словам, нужно пересмотреть подходы в работе региональных комиссий, чтобы они могли сконцентрироваться на своей основной задаче – выявлении излишних посредников, которые имеют прямое влияние на ценообразование продуктов питания.

Заслушав информацию акимов, Министерства сельского хозяйства о ситуации с обеспеченностью в стране основными продуктами питания, Серик Жумангарин обозначил основные задачи на предстоящий период.

Мы провели сессию встреч с ассоциациями основных производителей социально значимых продуктов питания, будем пересматривать схему финансирования и распределения оборотных средств, по пяти наименованиям СЗПТ планируем перейти на схемы контрактации напрямую с производителями. Наша задача – не допустить дефицита и снизить темпы роста цен на основные продукты питания. Главное – обеспечить полный контроль, и в том числе за деятельностью региональных комиссий. Создание региональных комиссий по выявлению посредников – это поручение главы государства. Нужно усилить их работу за счет ресурсов региональных подразделений Министерства торговли и интеграции. Поручаю провести эту работу Комитету торговли, – сказал Жумангарин.

УГОЛЬ

ПРИЗВАЛ ГОРОЖАН ЗАКУПИТЬСЯ УГЛЕМ ЗАРАНЕЕ

Аким Талдыкоргана Асет Масабаев призвал жителей города заранее закупиться углем, чтобы избежать ажиотажа с наступлением холодов, передает корреспондент МИА «Казинформ».

Асет Масабаев на брифинге сообщил, что в городе есть 11 угольных тупиков. Из них 10 работают.

«План угольных тупиков на год составляет 168,9 тыс. тонн, из них 70 тыс. тонн – для города Талдыкоргана, 83,9 тыс. тонн – для жителей близлежащих районов – Аксуского, Ескельдинского, Каратальского и города Текели, 13 тыс. тонн – для коммерческих организаций. На сегодня с 1 мая реализовано 23,3 тыс. тонн угля. В наличии есть 12,7 тыс. тонн, то есть все тупики полностью обеспечены углем», – сказал он.

По словам акима, средняя цена за тонну угля в тупиках составляет 14 400 – 15 000 тенге, без учета доставки.

«Мы сейчас всех жителей призываем закупиться углем заранее, в августе или сентябре, если у них есть такая возможность. Потому что с наступлением холодов, в октябре уже будет ажиотаж. Сюда будут приезжать люди из соседних районов. Такая ситуация повторяется каждый год», – заявил Асет Масабаев.

ОБРАЗОВАНИЕ

ШКОЛЫ ПЕРЕЙДУТ НА ПЯТИДНЕВНЫЙ ФОРМАТ

Министр просвещения Асхат Аймагамбетов заявил, что со следующего учебного года почти все школы перейдут на пятидневный формат работы, передает ИА «NewTimes.kz».

«Со следующего года все школы, за исключением школ с трехсменным обучением, переходят на пятидневный формат работы. Это касается и директоров школ, и учителей, и всех работников. Мы считаем, что учителя должны в субботу отдыхать, в субботу находиться со своими детьми», – отметил глава ведомства.

Кроме того, по словам министра, на отпускные этот вопрос влиять не будет. Период отпуска – 56 дней – так и остается без изменений.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖИЫН

ҚЫС КЕЛЕДІ, ҚАМДАНЫП ҚАЛ АҒАЙЫН

«Шапқан аттай, атқан оқтай» зуылдап үш ай, тоқсан жазыңыз да өтті, кетті. Енді диқан қауымы үшін жиын-терін науқаны басталады. Бұл дегеніңіз, иек астында «қылышын сүйретіп қыс келеді» деген сөз. Қамданған қыстан қысылмай шығып, қамданбағандар:
«Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған»
деп Крылов айтқандай, көк тайғақ аязда «жиде» қағып тоңатыны айдан анық.

Алатаудың басына қар түспей тұрып айбалтасын сайлайтын Жетісу жұрты, қатты отын алу үшін көмір қоймаларының алдында ұзын-сонар кезекке тұрып, алқымға пышақ тақалғанда бақылдаған ешкінің күйін кешіп зыр жүгіретін күн жақындап келеді. Жылыту маусымына Талдықорған қаласының дайындығы туралы қала әкімі Әсет Дүйсебекұлы Масабаев журналистер үйінде өткен жиында баяндап, тілшілер мен

блогерлердің қойған сұрақтарына жауап берді.

Асыра мақтады демеңіз, Талдықорған қаласының әкімі Әсет Дүйсебекұлының іскерлігіне «тфәй-тфәй» тіл көзіміз тимесін, қала жұрты да, бұқаралық ақпарат құралдары да дән риза болып тұр. Бұған дейінгі қаланы басқарған әкімдер дәл Әсет Масабаевтай тамыз айында қаланың қысқа дайындығы жөнінде есеп бермеген. Тек қала жұрты мен қарбаласқа түскен жақын маңдағы аудан тұрғындары арасында қатты отынға талас-тартыс туындағанда, қоймаларда қанша көмір қоры бары айтылып, қалғаны жолда келе жатыр, ел-жұрт көмірді күн жылыда түсіріп алмай, қара суық түскенде қаректет жасайды деп жазғыратын. Өткенге топырақ шашу оймызда жоқ, болған жайды баяндап жатқанымызға тіліміз жазықты болмас. Сонымен қала әкімінің баяндауынша жылыту маусымы Талдықорған қаласында 2021 жылдың 7 қазанынан ағымдағы жылдың 6 сәуіріне дейін тұрақты режимде өткені айтылып, жылу көздері мен жылу желілерінде температуралық режим бекітілген кестеге сәйкес сақталғаны баяндалды. Жылыту кезеңінде 573,0 мың Гкал жылу энергиясы өндіріліп, 38,5 млн. кВт электр энергиясы, 16,4 млн/м3 табиғи газ, 124,3 мың қатты отын және 1,5 мың тонна мазут тұтынылған деді. Әрбір кәсіпорын бойынша жеке тоқталып, слайд арқылы, «Талдықорған жылу сервисі» КМК құрамына 10 қазандық кіретінін, жалпы қуаты 457,95 Гкал (1 ірі, 4 орамдық, 5 шағын қуаттылық) сағатына және жылу желілеріне ұзындығы 179,3 км (32 мм-ден 920 мм-ге дейін). Желілердің тозуы 55%

немесе 96,6 км құрайтынын мәлімдеді. Сондай-ақ 2021-2022 жж. жылыту маусымы басталғаннан бері 45 өтінім келіп түсті, тіркелген апаттар жоқ. Жөндеу жұмыстары бойынша:

Кәсіпорынның өз қаражаты есебінен, жылу желілерінде жоспарлы реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстары – 51,3 млн. теңге, ұзындығы 6,8 км, енді жері 3,9 км-дей келе учаскелер тізбесін жариялады. Онда Ләззат Асанова, Қабанбай батыр, Ғали Орманов, Шевченко, Ақын Сара, Ярославский және Терешков көшелерінің қилысындағы құбырларды сондай-ақ, «Самал», №16 үйдің жанында, «Жастар», № 7 және 8 үйлер, №60-61, №67, «Болашақ», № 23-25, Назарбаев даңғылы, №122-124, «Төлебаев, Гауһар ана, «Көк-Базар, №88 үйдің жаны, «Қаратал», №9-10, 10а, 10Б, «Абылайхан», №241-243-245 үйлер, «Ескелді би», №212, Жетісу, №18-18А, «Восточный», №6-7-8, «Покыршкин ТК17А. Қабанбай бытыр-Тк 28, Ескелді би 55М, Қойшыбеков көшелері мен шағын аудандардағы жылу құбырларына жүргізілген күрделі жөндеулер жайлы айтты. «Тоқсан ауыз сөздің то-бықтай түйіні» Талдықорған қаласы қысқы маусымға сақадай сай болып тұр. Әсет Дүйсебекұлының айтуынша «Баскуат

қазандығының 2 – қазандығына 31,5 млн. теңге сомасына күрделі жөндеу жүргізілді (бірінші қазандық 100% ға аяқталды, екінші қазандықта монтаждау орындалды). Бюджет есебінен 624,5 млн. теңгеге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. №4 орамдық қазандықты табиғи газға көшіре отырып, бірінші қазанды монтаждау 80%-ға, екінші қазанды монтаждау 10%-

ға орындалды. Сондай-ақ жоба шеңберінде Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика (БӨАжА) орнатылады, сумен жабдықтау, су бұру, электр және газбен жабдықтау сыртқы және алаңішілік желілері, авто төгу құрылғысын монтаждау,

мазут шаруашылығын монтаждау және тб. жүргізілетін болады деді. Қатты отынмен қамтамасыз ету бойынша, «Восток Уголь Пром» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, көмір жеткізуге. 2022-2023 жылдарға арналған жоспар 200,0 мың тоннаны құрайды. Қазір көмір қабылдайтын орындарда 41,9 мың тонна көмір бар. Жеті вагон немесе 420 тонна көмір күтілуде деген қала әкімі «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ ЖтПФ-мен табиғи газды жеткізуге келісім -шарт бес жылға жасалған. Ал мазут жеткізуге келісім-шарт тамыз айының соңында жасалады, жоспар 3,4 мың тонна, қоры 1660 тонна болады. Қаладағы су құбыры желілерінің ұзындығы 609,6км. Олардың тозуы 62% немесе 377 км. су бұру желісі – 364,4 км. тозуы 67% немесе 244,1 км. Атқарылған жұмыстар слайд арқылы көрсетілді. Мәселен, 2021-2022 жж. жылыту кезеңінде 41 серпіліс тіркелген, жөндеу жұмыстары бойынша кәсіпорынның өз қаражаты есебінен жұмыстар жүргізіліп жатқанын, сумен жабдықтау және су бұру желілерін реконструкциялау бойынша 82,6 млн. тенге жалпы ұзындығы 3,2 км, орындалғаны 1,2 км. Бюджет есебінен 912,1 млн. теңгеге құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде: "Красный Камень" Д / о сумен жабдықтау желілерін салу жоспары – 24 км, орындалғаны – 3,5 км. (сомасы 724,2 млн. 2022 жылға 300 млн. теңге бөлінді.) "Ащыбұлақ" б/о сумен жабдықтау желілерін салу жоспары 11,5 км. орындалғаны – 9,1 км. (187,9 млн. тг). Бүгінгі таңда сумен жабдықтау желілері орналасқан Үйтас, Шайқорған саяжай қоғамдарында, Мереке, үш шаруашылық, Сарыарқа, агроөнеркәсіп, 3-Бөлімше, жалпы ұзындығы кілттер 129,3

км.ТКШ бөлімінің теңгерімінде. Осыған байланысты аталған желілерде техникалық қызмет көрсету жүргізілмейді, бұл мерзімді серпілістерге алып келеді. Осы мәселені шешу үшін жұмыс тобы құрылды және құжаттарды түгендеу бойынша жұмыстар

жүргізілуде, кейін "Жетісу Су Арнасы" МКҚК пайдаланушы ұйымдардың теңгеріміне беру бойынша жұмыстар жүргізілмек. Сондай-ақ жылу жүйесіне қатысты қалаға электр энергиясын жеткізу, сатып алу жолымен жүзеге асырылатынын айтып, сыртқы көздерден (Текелі, Қапшағай қалалары солтүстік облыстар, Жамбыл МАЭС және көрші мемлекет Қырғызстаннан) алынатынын айтты.

Жалпы қала бойынша ЭБЖ – 1,1 мыың км. (ТКШ теңгерімінде – 589 км), болса, 2021-2022 жылы. жылыту кезеңінде 231 өшірулер тіркелгенін, 2022 жылға арналған жөндеу жұмыстары бойынша: кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 0,4/10 КВ ЭБЖ ағымдағы жөндеу – 468,4 км, орындалғаны – 258,1 км.

– ТП және ТП ағымдағы жөндеу-289 бірлік, орындалғаны – 139 бірлік. Бюджет есебінен 46,6 км электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы бойынша 4 ЖСҚ әзірленді дейкеле қаланың есепке алынбаған 25 көшесінің ұзындығы 13,9 к құрайтынын айтты. Сондай-ақ көгілдір отынмен қамтылған Талдықорған қала-сының тұрғындары «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ЖтПФ 921,5км. жоғары, орташа және төмен қысымды газ құбырларын пайдаланады. Газ құбырлары қанағаттанарлық жағдайда. Қаланы газбен жабдықтау желілерімен қамту 90,3% құрайды, оның ішінде табиғи газға қосылған 29 073 абонент бар. 2021-2022 жж. жылыту маусымында "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ Жетісу филиалына 4,1 мың өтініш келіп түсті, олар уақытылы орындалды. 2022 жылға араналған жөндеу жұмыстарына қатысты, «ҚАЗТрансГаз-Аймақ» АҚ ЖтПФ есебінен ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Бүгінгі таңда келесі елді мекендерді табиғи газбен қамту мәселелері бар: "Үйтас" Д/о. 2020 жылдың басынан нысанның ҚМЖ басталды, бүгінгі күні нысан аяқталу сатысында. Тапсырыс берушінің анықталған ескертулері жойылуда; Пригородное, 2020 жылы шілдеде объектінің ҚМЖ аяқталды. Кейбір атқарушылық-техникалық құжаттамалардың (ИТД) болмауына байланысты "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ-ның жоғарыда аталған газ құбырын теңгерімге алуға және табиғи газды іске қосуды жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ. "ТВИК" ЖШС мердігерлік ұйыммен атқарушылық-техникалық құжатнама дайындалып жатқанын тілге тиек етті. Қала әкімі, ақпарат құралдарына қала тұрғындары көмірді қараша, желтоқсан айларында алмай, қазірден мүмкіндіктері болса сатып алғандары дұрыс. Себебі Талдықорған қаласына жақын Сарқан, Ақсу, Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары күн суытқанда көмір тасымалдауға көшеді. Сол кезде қарбалас болып, жылдағы дүрбеленге ілікпей, қазірден бастап қамданғандары дұрыс. Қазір көмірдің шұбаркөл бағасы 14 400 – 15 000 аралығында. Бұл баға тасымалдауға кірмейді. Оны көмір тасымалдаушылар өздері белгілейтіні тілге тиек етілді.

А. ДІНИСЛАМ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭКОНОМИКА

АЛТЫ АЙДАҒЫ КӨРСЕТКІШ

АЛАКӨЛ АУДАНЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЖӘНЕ АУМАҒЫ 56 ЕЛДІ МЕКЕНДІ ҚАМТЫҒАН 23,7 МЫҢ ШАРШЫ ШАҚЫРЫМДЫ АЛЫП ЖАТЫР. СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА АУДАН ШЕКАРАСЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫМЕН, БАТЫСТА САРҚАН АУДАНЫМЕН, АЛ ОҢТҮСТІГІНДЕ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫМЕН ШЕКТЕСЕДІ. АУДАННЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ 23 АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР КІРЕДІ. ӘКІМШІЛІК ОРТАЛЫҒЫ – ҮШАРАЛ ҚАЛАСЫНДА 20 МЫҢҒА ЖУЫҚ ХАЛЫҚ ТҰРАДЫ. АЛ 2022 ЖЫЛҒЫ 1-ШІ ҚАҢТАРҒА ДЕЙІНГІ ЕСЕППЕН АУДАН ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 72 171 АДАМДЫ ҚҰРАЙДЫ.

Алакөл ауданы Балқаш-Алакөл ойысы мен Жетісу (Жоңғар) Алатауы аралығында орналасқан. Оңтүстік шығысында «Шыбынды», «Қайқаң», «Жабық», «Күнгей» жоталы, қалған бөлігі жазық болып келеді. «Арғанаты», «Арқарлы» атты аласа таулы өлкеде, құмды алқаптардан «Қарақұс», «Сарықұм», «Тасқарақұм» алып жатыр. Солтүстік аймағында шипалық емімен аты кешегі кеңестер одағына кеңінен тараған «Алакөл», «Ұялы», «Сасықкөл», «Жалаңашкөл» атты айдынды көлдері бар. Бір ғана Жалаңашкөлде ғарышқа ұшқан космонавтар ем алғанын ескерсек, Алакөлдегі өзен көлдердің айбыны асқақтап-ақ тұр. Қысы суық, жазы аптап ыстық өңірдің жері басым бөлігі шөлейтті. Биік тау беткейлері мен аңғарларын шыршалы-қарағайлы орман қамтыған аймақтың негізгі тіршілік көзі ауыл шаруашылығы. Өңірде суармалы және тәлімі егін шаруашылығы дамыған. Онда негізінен астық тұқымдастар, техникалық дақылдар (қызылша) және көкөністер өсіріледі. Үшарал қаласынан облыс орталығы Жетісуға және Алматы қаласына дейінгі қашықтық 570 шақырымды құрайды. Аспан асты елі Қытай мемлекетімен шектесіп жатқан «Достық» кеден бекеті екі мемлекет арасындағы алтын көпір. Мұнда да автокөлік пен темір жол байланысы экономиканың күре тамырына қан жүгіртіп тұр. Панфилов ауданы сияқты 30 жыл бойы «Достық» кеден бекетінен аудан бюджетіне салық түсімі бұйырмаған. Жоңғар қақпасының аузына орналасқан ауданда негізінен Қаракерей Қабанбай батырдың ұрпақтары мекендейді. Ауданға кіре берісте батырдың ат үстіндегі ескерткіші желдің өтінде тұрған Баһадүр батыр ұрпақтарының басты айбарына айналған. Төрт түлік мал өргізіп, ауыл шаруашылығымен айналысқан шаруалардың тұрмыс тіршілігі, әлеуметтік ахуалы, экономикалық өсіп-өркендеуі жайлы алты айдағы атқарылған жұмыстарынан сыр шертпекпіз. Аграрлық секторда 2022 жылдың 6 айында өндірілген өнім көлемі 14 млрд. 685 млн. теңгеге жетіп, өсім өткен жылғы деңгейден 127,9 процентке, заттай көлем индексі 103,6 процентті құраған. Аудандағы мал басының саны орташа есеппен, ірі қара 90 494 бас (өткен жылдың сәйкес кезеңіне 103,1%), қой мен ешкі – 294 485 бас (109,5%), жылқы – 34458 бас (100%) және құс – 131,9 мың бас (98,3%). Осы есеп беру аралығында 8820 тонна ет, 21565 тонна сүт, 5864 мың дана жұмыртқа өндірілген.

Аудандағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 1 054 424 гектарды құрайды. Оның егістік көлемі 86 174 гектар, (суармалы 32 436, тәлімді 53 738га). шабындық 51 838, жайылымдық жер 884 976 га. Аудан көлемінде 86 174 гектар егістік жердің биылғы жылға 85 036 гектар жерін игеру жоспарланған. Дәнді-дақылдардан жаздық-күздік бидай, арпа, сұлы, дәндік жүгері, сорго, майлы дақылдар: күнбағыс, майбұршақ, мақсары, лен, картоп, бақша, көкөніс бар. Аудан экономикасының қарқынды дамуы, өндіріс орындары мен шағын кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығының жұмысы бір жүйеге тоғытылғанда ғана бюджет қоржыны толығатыны хақ. Бұл дегеніңіз, өңірдің өсіп-өркендеуіне айрықша жол ашады. Бұл бағытта бюджетке міндетті төлемдерді жинау жоспары есепті кезеңде 109,8 пайызға орындалып, 4 млрд. 468 млн. теңгеге жетсе, оның 3 млрд. 612 млн. теңгесі жергілікті бюджеттің үлесінде болса, меншікті салық 1 млрд. 848 млн. теңгеге толыққан. Бюджет шығысының жоспары 96,1 процентке игеріліп, 5621 млн.теңгені құраған. Өнеркәсіп саласында өндірілген өнім көлемі 4132,7 млн. теңгеге жетіп, заттай көлем индексі 82,6 процентті құраса, аудан экономикасына алты айда 17 млрд. 880 млн. теңгенің инвестициясы тартылып, оның 63,6 пайызы бюджеттен тыс қаражаттар есебінен болып, заттай көлем индексі 98,4 процентке жеткен. Алакөл ауданының облыс көлеміндегі үлес салмағы – 19,7%. Нарықтық жүйенің қағидаларына орай инвестициялық жобаларды жүзеге асыру басты міндет. Ел тізгінін ұстаған әкімқаралардың да іскерлігі осы инвестиция тартумен, жұмыс көздерін ашумен бағаланады. «Ұйымдастыра білген ұтады» демекші аудан көрші Қытай мемлекетімен шектесіп жатқандықтан өңірде «Достық» кеден бекеті барын жоғарыда айтқанбыз. Екі ел арасындағы қарым-қатынас, күре жол мен темір жол байланысы, тауар айналымы тек қана аудан көлемінде ғана емес жалпы Қазақ мемлекетінің экономикалық қайнар көзі. Осы бағытта ауданның инвестициялық жобасына сәйкес 2021-2025 жылдары 6 инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі қолға алынған. Жүйелі жоспар қолға алынып, жобалардан 78 млрд. теңгенің инвестициясы тартылып, 834 тұрақты жұмыс орны ашылған. Инвестициялық жобаның бір тармағы «Достық Транс Терминал» серіктестігінің көп функционалды ауыстырып тиеу терминалының құрылысы болатын. «Өткен жылы жобаның 1-ші кезегі қолданысқа беріліп, 80 тұрақты жұмыс орны ашылса, қазіргі уақытта 2-ші кезегінің құрылысы жүргізілуде, оның құны 9 млрд. теңгеге бағаланып, 100 жұмыс орын ашылатын болады», – деген аудан әкімі Алмас Абдинов «Евро Транзит Достық» серіктестігінің құны 12 млрд. 344 млн.теңгені құрайтын мультимодульды теміржол көліктік - логистикалық орталығының құрылысы (261 жұмыс орны) және «Евро Транс Групп» серіктестігінің құны 3 млрд. теңгені құрайтын жүк тиеу ауласы салынуда екенін де тілге тиек етті. Бұл 100 жұмыс орнына арналған. Осы инвестициялық жобалар толықтай жүзеге асқанда жаңа жұмыс орындары ашылып, жалпы республика бойынша көкейкесті жұмыссыздық мәселесінің Алакөл ауданында түйіні бірашама таралатын болады. Осы жобалардың нәтижесінде 2022 жылы инвестиция көлемін 55,7 млрд. теңгеге жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл өткен жылғы деңгейден 10,7 процентке артық. Заман ағымына орай аудан тұрғындары да кәсіпкерлікке бейімделген. Біреулері базар жағаласа, енді біреулері ауласынан дүкен ашып, істі үйлестіре білгендер мейрамхана, қонақ үй, автокөлік жөндейтін шағын кәсіптерін дөңгелетуде. Араларында ірілері де бар. Бұларда аудан экономикасына сүбелі үлестерін қосуда. Тек қана қосып қоймай, әлеуметтік тұрмысы төмендерге қол ұштарын созып, жомарттық пейілдерін көрсетіп, инвестиция салуда. Шағын кәсіппен айналысқымыз келеді дегендердің бәріне мүмкіндік жасауда. Мәселен, ауданның шағын және орта кәсіпкерлігінің субъектілер саны 3887 бірлікке жеткен. Бұл салада жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 10,7 мың адамға артты. Олар 3076,6 млн. теңгенің қызметі мен өнімін өндіріп, бюджетке 2097,9 млн. теңгенің салығын түсірген. Аудан экономикасының барлық салаларында биылғы жылдың 6 айында 1168 жұмыс орны ашылып (оның ішінде тұрақты жұмыс орны 443), жұмыссыздық деңгейі 4 процент төңірегінде тұрақтаған. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде 642 азамат қоғамдық жұмысқа, 17 азамат жастар тәжірибесіне, 64 азамат әлеуметтік жұмысқа жіберілген. Жер жәнатты Жетісу өңірі туристік аймаққа сұранып-ақ тұрған өңір. Көздің жауын алатын, сұлу табиғаты мен маржандай жалтыраған өзен-көлдері қаншама. Аты айтып тұрған Алакөлде жазғы шомылу маусымы басталғанда туристер ағылып келетін аймақ. Әуе қатынасы, темір жол және Алматы-Өскемен бағытындағы күре жолдар осы Алакөл арқылы өтеді. Жыры да, мұңы да бітпеген Талдықоғаннан бастау алатын автожол біртіндеп қалыпқа келе жатыр. Осы жол толық пайдалануға берілгенде Қапшағай, Балқашты он орап алатын айдынды Алакөлге келушілердің нөпірі толастамақ емес. Демалушылар көл жағасындағы түйіні тарқатылмаған біраз мәселені айтып жүр. Ол тазалық және кәріз жүйесі болатын. Осы бағытта туристерге қолайлы жағдай жасау мақсатында биылғы жылы кәріз жүйесінің құрылыстары қолданысқа беріледі деп күтілуде. Сонымен қатар қуаттылығы 6,5 мың текше метр кәріз тазарту нысанының құрылысына 3 млрд. 252 млн. теңге бөлініп, жұмыстар жоспар бойынша атқарылуда. Сондай-ақ Ақши ауылының электр жүйесін реконструкциялау және салуға 300 млн.теңге бөлінген. Осы ауқымды істер толық жүзеге асқанда көл маңайындағы мәселелер өздігінен шешілетін болады. Ал елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы ұдайы жүзеге асып келеді. Тіршілік көзі су мәселесіде көкейкесті болғандықтан бұл да коммуналдық шаруашылыққа тиесілі жұмыс. Аудандағы орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылған елдімекендердің үлесі 85,7 пайызды құрайды немесе 56 елді мекеннің 48-і қамтылған. Бұлақты, Лепсі ауылдарының су жүйесін реконструкциялау және салуға ЖСҚ әзірлеуге 5 млн. теңге қаражат қарастырылған. Ауыз су мәселесі рет-ретімен шешіліп келеді. Тоғыз жолдың торабында тұрғандықтан ауданда басты мәселе болып келген жол қатынасы бойынша аудан аумағында 1448,3 шақырым автокөлік жолы бар. Оның 333 шақырымы республикалық маңыздағы, 534 шақырымы облыстық маңыздағы, 581,3 шақырымы аудандық маңыздағы жолдар. Үшарал қаласындағы Астана саябағының жанындағы жаңа шағын ауданның автомобиль жолын күрделі жөндеуге 230 млн. 776 мың теңге қарастырылып, ауданның 5 елді мекенінің көшелерінің орташа жөнделуіне 225 млн. 197 мың теңге бөлінді. Құрылыс саласы бойынша 5,3 шаршы метр тұрғын үй кіріске алынған. Өзекті мәселелердің бірі тұрғын үйге қатысты ауданда бүгінгі күнге 1450 адам тұрғын үй кезегінде тұр. (көп балалы аналар – 363, жетім балалар – 141 халықтың әлеуметтік жағынан осал тобы – 579, бюджеттік қызметкерлер 366). Аталған мәселені шешу мақсатында, Үшарал қала-сындағы екі 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысына 382 млн. теңге және екі 20 пәтерлі жалгерлік тұрғын үйлердің құрылысына 192,1 млн. теңге қаражат қарастырылған. Жыл аяғына дейін кезекте тұрған 160 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілмек. Сондай-ақ Үшарал қаласындағы «7-20-25» бағдарламасы бойынша 21 жеке тұрғын үй үшін (3га) инженерлік-комму-никациялық жүйелерін салуға 22 млн.506 мың теңге, Қабанбай ауылындағы 10 жалгерлік тұрғын үйлердің құрылысына ЖСҚ әзірлеуге 6 млн. 165 мың және ИКЖ салуға ЖСҚ әзірлеуге 10 млн. 11 мың теңге бөлінген. Жалпы аудандағы құрылыс жұмыстарының көлемі 12 292,6 млн. теңгені құрайды. Ауылдарды абаттандыру бағытында «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылы екі ауыл (Қазақстан, Еңбекші) көшелеріне түнгі жарық шамдарын орнатуға 26 млн. 653 мың теңге, екі елдімекеннің (Жайпақ, Тоқжайлау) арық желісін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 17 млн. 814 мың теңге қарастырылған. Аудандағы білім және денсаулық сақтау салалары ұдайы назарда. Тәрбиелі, саналы ұрпақ – болашақтың тұтқасы. Оларды заманауи білім ұяларында оқытып, жаңа технологиямен жабдықтау мемлекеттің және жергілікті биліктің үлесінде. Аудандағы 44 мектепте 13 352 оқушы дәріс алуда, 19 балабақша мен 32 кіші орталықтарда 2500 бала тәрбиеленуде. Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуы 100 пайызды құрайды. Аудан бойынша 3 ауысымда және апатты жағдайда тұрған мектептер жоқ. Жалпы 44 мектептің 35-і күрделі жөндеуден өткізілген. Білім ұялары жаңа оқу жылына сақадай сай. Өткен жылы Достық ауылына 600 орынды мектеп құрылысына жобалау сметалық құжаттары дайындалған. Қазіргі уақытта аталған мектеп құрылысына 2 млрд. 565 млн. теңге қажет. Себебі Достық ауылындағы 900 орынды екі мектепте бүгінгі күнге 1544 бала оқытылуда.

«Денсаулық зор байлық», «Тәні саудың жаны сау» секілді тәмсілдерді біз ешқашан естен шығарған емеспіз», – деген аудан әкімі азаматтар денсаулығын қорғау мен нығайтуда атқарылған жұмыстардың ұшын таратып, ауданда туу көрсеткішінің артқанын айтты. «Ауданда барлығы 240 төсек орны бар. Дәрі-дәрмек препараттарымен толық қамтылған. 42 денсаулық сақтау мекемелерінде 133 дәрігер, 570 орта буынды медицина қызметкері жұмыс жасайды. Үшарал қаласына 250 төсектік аурухана салуға жобалау жұмыстары басталды. Сонымен қатар 2 елді мекенге модульды ФАП сатып алуға 100 млн.теңге қаралған. Қаңтар-маусым айларында 571 нәресте дүниеге келіп, 1000 адамға шаққанда туу деңгейі 17 пайызды құрады, халықтың табиғи өсуі 9,3 процент. Сондай-ақ 6 айда ауданда 150 қылмыс тіркеліп, 2021 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 53 бірлікке азайып отыр. Қылмыстардың ашылуы 92,1% құрады», – деген аудан әкімі Алмас Сапарғалиұлы «балапанды күзде санайды» дегендей, жыл соңына дейін осы қарқыннан танбасақ, межелеген жоспар жайлы тағы да ауыз толтырып айтармыз деп ағынан жарылды.

Ал бұл көрсеткіштердің барлығы аудан еңбеккерлерінің тынымсыз еңбектері. Жаңа Қазақстан құруда Алакөл ауданы экономикалық қарқынды бәсеңдетпек емес. «Шаруалар мен кәсіпкерлерге бар жағдай жасалса, аудан халқының әлеуметтік ахуалы оңалса, «ауызбіршілік» болса, қалғаны қалыпқа келеді ғой» деген аудан басшысы сөзінің жаны бар. «Елде болса, ерінге тиеді ғой» деп, біз де Қабанбай ауылынан аттанып кеттік.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 29 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Киелі Қазақстан»
06.25, 02.00 «Күй-керуен»
06.55, 16.05 Концерт
09.00, 20.00 Мультфильм
10.00, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Сағындырған әндер-ай»
14.30 К/ф «Менің атым Қожа»
21.25 Т/х «Күйеу бала»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 К/ф «Томирис»
02.30 «Теледәрігер»
03.15 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
10.00, 16.00 Сериал «Сезон дождей»
12.00 Д/ф «Мектеп салумаңызды міндет»
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-3»
13.00, 21.45 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
15.00 «Тарих.Тағдыр. Тұлға»
18.00 Мегахит «Слепой»
20.00 «Бақытты бала» гала концерт
23.45 Мегахит «Напролом»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.00 «Жұмбақтаймс»
12.20 «Тор» өнер қырандары
13.50 Т/х«Жас қырандар»
15.10 Х/ф «Келинка Сабина»
17.30 Х/ф «Келинка Сабина-2»
19.30 «Әзілің жарасса»
23.50 Х/ф «My love is Aisulu»
02.10 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.40 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.15 «Тамада баттл»
08.40 Д/ф «Мектеп салумаңызды міндет»
08.50 «Жить здорово»
09.50 Сериал «Граница. Таежный роман»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 Басты жаңалықтар
19.00, 03.50 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Барсы»
00.50 Х/ф «Золотая орда»
02. 20 Т/с «Фурцева. Легенда о Екатерине»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Mama»
09.25 «В плену у прошлого»
11.20 Мелодрама «Долгая дорогая к счастью»
14.50 «Көріпкел»
16.00, 02.15 Т/с «Өкініш»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 Сериал «По праву любви»
23.40 Сериал «Подражатаель»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Өмір жолдары» концерті
09.00 «Әсем әуен»
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Сен және мен» концерті
14.10 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
14.40 «Әндер мен жылдар» концерті
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 К/ф «О, Ләйлә»
21.00 «Арманыма хат» концерті
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
06.30, 05.30 «Ризамын»
07.00 М/с «Лекс и Плу»
07.30, 01.50 «31 әзіл»
08.50 Х/ф «Астерикс против цезаря»
10.30 Т/х «Қайсар»
12.00 Х/ф «Евротур»
14.00 Х/ф «Барбоскины на даче»
15.40 Х/ф «Особое мнение»
18.50 Х/ф «Ограбление поитальянски»
21.20 Х/ф «Спасатели Малибу»
00.00 «Біздің шоу»
02.30 What s upp?
03.00 Сериал «Базарбаптар»
04.30 «1001 әзіл»
05.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 01.50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
11.10, 19.30 Т/с «Балабол»
13.20 Т/х «Пәленшеевтер»
14.40 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
15.40, 01.10 «Гадалка»
16.10, 00.10 «Полицейский с Рублевки»
22.00 «Шаншар»
02.50 «Жайдарман»
03.50 «Айнаонлайн»
04.30 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 30 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.10 «Киелі Қазақстан»
06.25 «К/ф «Томирис»
09.10, 00.00 «Ата заң-алтын тұғыр» мерекелік концерт
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 К/ф «Менің атым Қожа»
13.30, 17.15 Мультфильм
14.55 «Әзіл әлемі»
20.00, 00.50 Д/ф «Жаңғыру.Конституция күні»
20.20 «Ай-хай-25» концерт
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
01.10 «Күміс кәмеі»
01.55 «Теледәрігер»
02.40 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
10.00, 16.00 Сериал «Сезон дождей»
12.00 Деректі фильм
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-3»
13.00, 21.30 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
15.00 Концерт
18.00 Мегахит «Напролом»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
23.30 Мегахит «Овердрайв»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 22.40 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.00 «Жұмбақ таймс»
11.40 «Берекелі мереке-4» өнер қырандары
15.10 Х/ф «Побег из аула. Операция «Махаббат»
17.30 Т/х «Я жених»
19.30 «Әзілің жарасса...»
21.00 Т/х «Дастан»
23.50 Х/ф «Аким»
02.25 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.40 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.15 «Тамада баттл»
08.40 «Жить здорово»
09.40 Док.фильм
09.50 Сериал «Граница. Таежный роман»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 Басты жаңалықтар
19.00, 03.50 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Ветеран»
00.50 Т/с «Золотая орда»
02.20 «Фурцева.Легенда о Екатерине»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.25, 19.30, 04.00 Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жимаудың жетістігі»
09.25 Сериал «Испытание-2»
10.20, 21.30 «По праву любви»
12.30, 23.40 Сериал «Подражатель»
14.40, 03.15 «Көріпкел»
15.50, 02.15 Т/х «Өкініш»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.30 Т/с «Чума»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Сағындырған әндер-ай» концерті
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 «Құдайы қонақ»
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.50 «Менің өлкем» концерті
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Қасиетті Қонаев»
15.00 «Голливуд жұлдыздары»
15.30 «Мамандық маңызы»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Мәдени қазыналар»
17.05 «Әсем әуен»
18.00 «Олжа»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы) Арнайы шығарылым
19.30 Итоговые новости (Алматинский область) Специальный выпуск
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Ән жинақ
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
06.30, 05.30 Ризамын
07.00 Мультфильм
07.30, 02.00 «31 әзіл»
08.50 Х/ф «Астерикс в Британии»
10.30 Т/х «Қайсар»
12.00 Х/ф «Барбоскины на даче»
13.45 Х/ф «Джуманджи»
16.05 Х/ф «Спасатели Малибу»
19.00 Х/ф «Случайный шпион»
21.30 Х/ф «Черный сnтреб»
00.40 «Біздің шоу»
02.30 What s upp?
03.00 Сериал «Базарбаптар»
04.30 «1001 әзіл»
05.00 Bala Battle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 01.50Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 13.20 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
11.10, 19.30 Т/с «Балабол»
14.40, 22.00 Т/х «Ата-ан. Бала-шаға»
15.40, 01.10 «Гадалка»
16.10, 00.10 «Полицейский с Рублевки»
22.00 «Шаншар»
02.50 «Жайдарман»
03.50 «Айна-онлайн»
04.30 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 31 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Киелі Қазақстан»
06.25, 03.05 «Күміс кәмеі»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 20.00, 00.50 Ақпарат
10.10, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.35 Т/х «Күйеу бала»
13.10, 23.50 «Көңіл толқыны»
14.10 «Қызық екен...»
15.00 «Кел, балалар оқылық»
15.30, 02.40 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы арыстан»
21.30 «Жүзден жүйрік»
22.30 Телехикая «Өмір ызғары»
01.25«Теледәрігер»
02.10 Д/ф «Құрдым»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 Тікелей эфирде «Оян»
10.00 Сериал «Сезон дождей»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер-3»
13.00 Новости
13.10, 21.30 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
15.00 «Тарих.Тағдыр. Тұлға»
16.00 Сериал «Такая, как все»
18.00 Мегахит «Овердрайв»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
23.30 Мегахит «Опасный бизнес»

АСТАНА

06.00 «Үздік әзілдер»
06.10 Т/х «Фазилет ханым»
07.10 Мультфильм «Маша и медведь»
09.30, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Іңкәр сезім»
13.40 Х/ф «Аким»
16.40 «Бас бермес баға» арнайы репортаж
17.00, 02.30 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.20 Т/х «Есіктер-2»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
01.30 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю»
13.00 Мелодрама «Ветреная женщина»
14.10, 03.25 «Новости»
14.20, 03.35 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 04.30 «Басты жаңалықтар»
19.00, 03.45 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Обмен»
00.50 Ночной кинотеатр «Золотая орда»
02.20 «Фурцева.Легенда о Екатерине»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.25, 19.30, 04.00 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
09.25 Мелодрама «Испытание-2»
10.20, 21.30 Мелодрама «По праву любви»
12.30, 23.40 «Подражатель»
14.40, 03.15 «Көріпкел»
15.50 Т/х «Өкініш»
17.30, 02.1 Т/х «Сенсіз өтпес күндерім»
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.30 Мелодрама «Чума»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 « Әзіл студио»
06.30, 05.00 «Ризамын»
07.00, 09.00 Мультфильм
07.30, 01.40 «31 әзіл»
08.30, 01.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.30 Т/х «Қайсар»
12.00 Х/ф «Отель «Элеон»
12.30 Х/ф «Джуманджи»
14.50 Х/ф «Черный ястреб»
17.55 Х/ф «Между небом и землей»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Годзилла»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Бала батл

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 13.20 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.10, 19.30 Сериал «Балабол»
14.40 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
15.40, 01.10 Сериал «ГАДАЛКА»
16.10, 00.10 Сериал «Полицейский с рублевки»
22.00 «Алдараспан»
02.50 «Жайдарман»
03.50 «Айна-онлайн»
04.30 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

Білім күнінің басталуына да санаулы уақыт қалды. Жаңа оқу жылына дайындықты бастаған ата-аналар балаларын мектепке дайындау шығыны едәуір артқанын жасырмады. Зерттеулерге назар аударсақ, бір жылда мектеп формасымен қатар кеңсе тауарлары да 50 пайызға қымбаттаған. Ал, министрлік болса «Бізде бәрі жақсы, баға тым қымбат емес», – дейді.

Жуырда ғана білім министрі баласын 35 мың теңгеге киіндіргенін айтты.

Шынымен де бұл сомаға мектепке киім алуға болады ма? Осыған көз жеткізу үшін Талдықорған қаласындағы базарларды аралап, бағаны салыстырып көрдік. Көз көргендей, базардағы мектеп формасының орташа бағасы 20 мың теңгені құраса, бір жейде 6000 теңгеден басталады. Жалпы, барлық керек жарақты қоса есептегенде бір балаға жұмсалар қаражат 35 мың емес, 80-100 мың теңгенің арасы болады. Егер бір үйде мектепке баратын 3-4 баласы бар көпбалалы отбасылар үшін жұмсалар шығын көлемі 250-300 мың теңгені қажет етеді. Осы орайда пікір білдірген көпбалалы ана Балгул Хадыс былай дейді: *«Менің бес балам бар. Олардың бәрін бір жылда киіндіру мүмкін емес. Бір жылда екеуін киіндірсем, қалғанын келер жылы жабдықтаймын. Ал биыл форма бағасы тіптен қымбаттаған. Екі балама спорт костюмын ала алмадым. Тек мектеп формасы мен керекті оқу құралдарының өзіне 150 мыңнан аса қаражат кетті. Бұл оқу құралдарын, дәптерлерді тек бір тоқсанға шақтап алғандағы баға».*

Базардағы саудагерлермен тілдесуде олар қымбатшылыққа тауардың сырттан келетіні себеп екендігін айтады. *«Биыл баға үш-төрт есе қосылды. Форма, аяқ киім, концелярлық тауарлар, сөмкесі бар барлығы қымбат. Бізге сендер қымбат сатасыңдар, қалтаға ауыр дейді. «Бес балам бар түсінші», деп көз жасын сығып алатын аналар да бар. Тауарды сырттан әкелетіндектен көтерме бағалардың өзі удай қымбат».*

Дегенмен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға мемлекет тарапынан барынша көмек көрсетіліп жатқанын да ұмытпаған абзал. Яғни, жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында барынша көмек көрсетіледі. Бұл акцияның өткізіліп келетініне он жылдың жүзі болған. Ал осы уақыт аралығында 2 миллионнан астам балаға материалдық көмек көрсетілген.

Айдана СМАҒҰЛ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

ЖАСТАРМЕН

болған жүздесу

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БАСПА-СӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, ТҰРАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АЛАҢЫНДА «ӨМІРДЕ ӨЗ ІЗІҢДІ ҚАЛДЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ НЕДЕ?» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА КЕЗДЕСУ БОЛДЫ.

Жастармен кездесу «Алда болу – батылдық» корпоративтік қорының атқарушы директоры, race-director және жыл сайынғы «Алматы марафонын» ұйымдастырушысы Салтанат Қазыбаеваның және Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры, «Елбасы медалі» бағдарламасының тәлімгері Айтуар Қошмамбетовтың қатысуымен өтті.

Менторлар үлкен мақсаттар қою және оларға дәйекті түрде қол жеткізу қаншалықты маңызды екенін айтып, жастарды өздерінің табиғи мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға шақырды.

– Қазір мен ең басты жарыстардың бірі – триатлоннан Гавайда өтетін әлем чемпионатына белсенді дайындалып жатырмын. Онда ең мықты триатлон шеберлері бас қосады, олар жартылай қашықтықта сынға түседі. Жалпы алғанда, еңбек пен спорт егіз ұғым деуге болады. Спортта жақсы жетістіктерге жету үшін адамнан үздіксіз жаттығуды, аянбай тер төгуді талап етеді. Спортшының жолы оңай емес, жоғары нәтижемен қатар, күтпеген сәтсіздіктер де кездесуі ғажап емес. Сондықтан темірдей төзімділік танытып, аянбай тер төккен адам ғана спорттың биік шыңдарын бағындыра алады. Әрине, сәттіліктің де серік болғаны көп көмегін тигізеді. Демек, ең бастысы қиындықтан қаймықпай, батыл қимылдап, көп еңбектенген жанның бағы жанады. Яғни, спортты өзінің өмір салтына айналдырған адам шынықкан шымыр болады. Енді волонтерлік қозғалысы туралы және «Алматы марафоны», «Алда болу – батылдық» жобалары туралы тоқталсам, алғашқы «Алматы марафоны» дәл осылай аталды, ол 10 жылдан астам өткізіліп келеді және осы уақыт ішінде бақылаушылар қатары да көп болды, олар негізінен, жүгірушілер. «Алда болу – батылдық» корпоративтік қоры – бұл, бірінші кезекте, «Алматы марафонын» және елдегі жүгіру қозғалысын дамытуға мүдделі, өз жобаларына жаны ашитын кәсіпқойлар командасы. Кез келген жобаның жетістігінің кепілі – бұл үйлестірілген жұмыс және қалыптасқан үдерістер. Біздің ұжымда әр қызметкер өзінің функционалдығына жауап береді және өз аймағын жіті бақылайды. Бастапқыда 2012 жылы «Алматы марафоны» ұйымдастыру комитетінде барлығы 3 адам болды. Бүгінде қордың командасында 20 адам топтасқан. Содан бері қатысушылар саны да, іс-шараның ауқымы да артты. «Алматы марафоны» халықаралық жобаға айналды, бұл өсу шегі емес, біз өзіміз үшін өте өршіл мақсаттар қойып, оларға сеніммен барамыз. Бүгінгі таңда «Алда болу – батылдық» корпоративтік қоры – бұл «Алматы марафоны» ғана емес, сонымен қатар, жылына жүгіру, жүзу, веложарыс, пауэрлифтинг, триатлон және тіпті ММА сияқты спорт түрлерінен 20-ға жуық іс-шара өткізеді, – деп егжей-тегжейлі әңгімелеп берді Салтанат Қазыбаева.

– Жастармен қарым-қатынастың мұндай үлгісі өте тиімді әрі пайдалы. Өйткені марафонға қатысушылар жасына, жынысына, шеберлігіне қарай бөлінбейді. Марафонда әлем чемпионы болсын, қарапайым жандар болсын бір сапта жытпығып, дайындалуына болады. Егер сіз спортты сүйсеңіз марафонда өзіңіз үшін шұғылданасыз. Салауатты ұлтты қалыптастыру мақсатында құнды жоба ұсынып, насихаттап отырғанымыз бізге ұнайды, – деді Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Ш. ХАМИТОВ.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚАЗАҚСТАН ӨЗ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АЛҒАН СӘТТЕН БАСТАП ЗАЙЫРЛЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫ МАҚСАТ ЕТТІ. СЕБЕБІ ЭКОНОМИКАНЫ ӨРКЕНДЕТУ МЕН САЯСАТТАҒЫ САНАЛЫҚАДАМДАРДЫҢАРТЫНДАМІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТҰРАДЫ. АЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ ДАМЫҒАН ЕЛДЕ ҚАУІПСІЗҚОҒАМОРНАЙДЫ.МЕМЛЕКЕТТІКРӘМІЗДЕРДІ ҚАБЫЛДАП, МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЕКАРАСЫН БЕКІТКЕННЕН КЕЙІН КОНСТИТУЦИЯНЫ ДАЙЫНДАУҒА БАСЫМДЫҚТЫҢ БЕРІЛУІ СОНДЫҚТАН.

АТА ЗАҢ – ҚОРҒАНЫҢ

Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясын дайындау өте жауапты, маңызды іс болды. Себебі осы құжат арқылы өзге елдер мемлекеттің алдағы уақытта қандай бағытта дамитынынан толық хабар алатын еді. Дербес мемлекет ретінде жаңа қадам жасағалы тұрған Қазақстанға сол кездің өзінде назар аударып, көңіл аударғандар көп болатын. Соған орай 1993 жылғы Конституцияны әзірлеуге елдегі мықты заңгерлер, ғалымдар топтастырылды. Бірақ жас мемлекеттегі көптеген талап-тілектерге жауап бере алмағандықтан, бұл құжат аз уақытта қолданыстан шығарылды. Осылайша, тәуелсіздік жылдары Қазақстанның мемлекеттігін айқындаған Ата заң екі қайтара түледі.

Ал биылғы Жолдауда жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолында істелетін жұмыстарды тізбектеп айтып, Мемлекет басшысының негізгі тапсырмасымен 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізіліп, демократияландыру бағытын жалғастырып, Конституцияның үштен бір бөлігіне, атап айтқанда 33 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Негізгі Заңға енгізілген өзгерістің мазмұнына тоқталар болсақ, ұсынылған өзгерістер бойынша Қазақстан өлім жазасынан түпкілікті бас тартылғанын айту керек. Мәселен, 1995 жылғы редакциядағы 15-бап бойынша террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондайақ, соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін өлім жазасы бар. Бірақ, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар. Одан бөлек, реформа аясында билік тармақтарының функцияларын оңтайландыру, олардың өкілеттіктерін өзара да, орталықтан да жергілікті басқару органдарына қайта бөлу жүргізіліп келеді. Басқару формасы да өзгерді, президенттік формаға көшірілді. Конституцияның 6-бабында халық жер мен табиғи ресурстардың иесі деген норманы бекіту көзделді. Бұл туралы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Мемлекет халық атынан меншік құқығын жүзеге асырады» деген болатын. Референдум табысты жүзеге асырылған жағдайда Жаңа Қазақстанның азаматтарына Конституциялық сотқа өз бетінше жүгіну құқығы беріледі.

Сәулет БАТЫРХАНОВА,
Талдықорған қаласындағы Барлыбек Сырттанұлы атындағы №25 орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒЗЫМ

АРДАҚТЫ АНА

Жанымкүл Толықбайқызы жайлы сыр мен жыр

Білетін барлық заттың қасиетін,
Адамзат тәліміне бас иетін,
Жоқ екен пиғылында алалығы,
Жан екен асып туған даналығы.

Әлішер Науай

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҒЫМЕН, КӨЛКӨСІР КӨҢІЛІНІҢ КӨПШІЛДІГІМЕН, ДАРХАН ПЕЙІЛІНІҢ ДАЛАДАЙ КЕҢДІГІМЕН ЖҰРТТЫ ТӘНТІ ЕТЕ БІЛГЕН, ЕЛ-ЖҰРТЫ АРДАҚТАҒАН ЖАНЫМКҮЛ ТОЛЫҚБАЙҚЫЗЫ ЖАНЫ ТАЗА, ЖҮРЕГІ ЖЫЛЫ, ІСІНЕ АДАЛ, ЖҰРТЫНА АҚЫЛ АЙТАТЫН АСЫЛ АНА-ТЫН. ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ РЕТІНДЕ АҒАЙЫН-ТУЫСТАРДЫҢ ЫНТЫМАҒЫН ЖАРАСТЫРЫП ЖҮРЕТІН. ӘР ЖАНҒА ШУАҒЫН ШАШЫП, ЖЫЛЫ СӨЗІМЕН ДЕМЕП-ЖЕБЕЙТІН. АҒАЙЫН-ТУЫСҚА, ЖАЛПЫ АУЫЛ ЖҰРТЫНА АДАМИ ҚАСИЕТІМЕН СЫЙЛЫ БОЛҒАН АЯУЛЫ ЖАН ЕДІ. ҚОЛЫНАН КЕЛГЕН КӨМЕГІН, ҚАМҚОРЛЫҒЫН АЯМАЙТЫН. ҚҰРБЫ ҚҰРДАСТАРЫНЫҢ АЛДЫНДА БЕДЕЛІ БИІК, МӘРТЕБЕСІ ЖОҒАРЫ ЕДІ. ҚАНДАЙ ОРТА БОЛМАСЫН ӨЗІН САЛМАҚТЫ, САБЫРЛЫ ҰСТАЙТЫН. ДАРХАН ДАЛАНЫҢ ЖҰПАРЛЫ ИІСІ СІҢГЕН АҚ ОРАМАЛЫН ТАРТЫП АЛЫП, АЙНАЛАСЫНА ШУАҚ НҰРЫН СЕБЕЛЕП ЖҮРЕТІНДІГІН ӨЗІ ДЕ АҢҒАРМАЙТЫН.

Балқаш өңірінің аймағына ардақты ана атанған Толықбайқызы Жанымкүл бұрынғы 9-шы ауыл Кеңесіне қарасты Ерікті елді мекенінде 1922 жылы дүниеге келген. Ауыл мектебінен білім алып, 1942 жылы 11-ші ауыл Кеңесіне қарасты Қарабек елді мекеніндегі сауда саласында еңбек жолын бастайды. Жастайынан пысық болып өскен жас өзінің алғырлығын, іске ұқыптылығын, есеп-қисапқа жүйріктігін таныту арқылы тұтынушыларға мәдениетті сауда жасау қызметін көрсетуде өнегелі ісімен басшылардың көңілінен шыға біледі. Жыл сайын тәжірибесін толықтырып, сауда жасаудың қыр-сырын жетік меңгерген Жанымкүл Құйған шаруашылық есептегі сауда бірлестігі мен Балатопар жұмысшылар кооперациясында табан аудармай қырық жыл бойы үзіліссіз тұтынушыларға тұрақты қызмет етеді. Көп жылғы жемісті еңбегі бағаланып, бірнеше дүркін жарыстың жеңімпазы атанады. Үздік сауда қызметкері төсбелгісімен, көптеген мадақтаулармен, Алғыс хаттармен марапатталады.

Төменгі Іле өзенінің бойындағы Қарабек пен Қасқаөгіздің тоғайлы-орманды құмдауыт алқабында жастайынан қабырғасы еңбекпен қатайып есейген Жанымкүл баладай ақ көңіл, аузын аша жүрегі көрінетін адал азамат Қошанбекпен тағдыр қосып, үбірлі-шүбірлі ұрпақ өсіреді. Қос жұбай қарапайым еңбек адамдары болғанымен аңғарымы мол жайсаң жандар еді. Екеуі де қоғам үшін атқарған еңбектерін пендешілікпен әлдебіреуге бұлдап, ешкімнің де табалдырығын тоздырып көрген жандар емес-ті.

Ерлі-зайыпты Қошанбек пен Жанымкүл тағдыр қосып, шаңырақ көтеріп, жеке отбасы болғалы бері тұрмысы бақуатты, ырыс-құты берекелі киелі шаңыраққа айналды. Жанымкүл ана өмірге он төрт перзент әкеліп, бәрін де оқытып, жеке-жеке кәсіби мамандықтарды игеріп, ел экономикасын нығайтып, әлеуметтік жағдайын оңалту жолында жемісті еңбек етуде. Ата-анасынан алған тәлім тәрбиесі мен қамқорлығының нәтижесінде балалары үйлі-баранды болып, ататекті сәтті жалғастырып жатқаны қуантады.

Өмірдегі бар жақсылық пен сәттіліктердің баршасы еңбек етпегенге сауырынан да сипата қоймайтынын жақсы ұғынған ата-ана балаларын қаршадайынан еңбекке баулиды. Әкесі Қошанбек пен анасы Жанымкүл екеуі өзегін жарып шыққан ұлдары мен қыздарының тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, еңбек етуге бейімделіп өсуін, өздеріне қолқанат болуын барынша назарда ұстайды. Тұрмыстың ауыр кезі мен жоқшылық жайлаған шақта да әкесі Қошанбек пен шешесі Жанымкүл екеуі бірлесіп құт пен береке төрт түлікте екенін түсініп, есігінің алдындағы қоражайынан мал тұяғы үзілмей, үбірлі-шүбірлі бала-шағасының аузын аққа тигізіп, дастарқанын кеңінен жайып, ішім-жемнен тарықтырмайды. Қойын өсіріп, төлдерін түлетеді. Сиырын сауып, құрт-майын жинады.

Әулеттің отбасындағы ер балалары әкесі Қошанбекке ілесіп жүріп, шөп шабуға, мал қайыруға, қора-қопсыны тазалауға жәрдемдесіп, білектерінің қарын еңбекпен шыныктырады. Балаларының үлкені Нұрқазы әуелде шаруашылық саласында еңбек етіп, ұзақ жылдар Балқаш ауданына қарасты Топар ауылының әкімі болып қызмет істеді. Одан кейін Алматы қаласындағы Жетісу әкімшілігінде жауапты қызметтер атқарды. Отбасының ерке қызы Жақанның негізгі мамандығы ұстаз. Бес баланың анасы. Немерелерінің өз әжесі. Жақанның серігі Жолтай Балтабеков қоғам қайраткері. Алматы облысының, Балқаш пен Еңбекшіқазақ аудандарының Құрметті азаматы.

Әке-шешесінің үлкен үміт артқан баласының бірегейі Ерғазы Балатопар ауылындағы Жамбыл атындағы орта мектебін бітірісімен сауда саласында істейтін анасы Жанымкүлге көмектесіп жүріп, көзі үйреніп қалған сауда кәсібін меңгеруге бейімделеді. Сөйтіп алғашқы еңбек қадамын Балатопар тұтынушылар кооперациясында сатушы болып бастауға талпынады. Ол бірден тұтынушыларға мәдениетті қызмет көрсетуге икемділігі мен қабілеттілігін көрсетіп, міндетін мінсіз атқаруды өзіне парыз санайды. Үш жылдық әскери азаматтық борышын өтеп қайтқаннан кейін Балатопар тұтынушылар кооперациясының ұжымына қайта оралып, осындағы азық-түлік дүкенінің меңгерушісі болып тағайындалады. Еңбекте әжептәуір ысылып, шамалы болса да өмірлік тәжірибе жинақтаған Ерғазы «Құйған» кеңшарына ауысып, кадр жұмысы бөлімінің инспекторы болып істейді. Еңбексүйгіштігі мен ұйымдастыру қабілетінің ұтқырлығының арқасында жауапкершілігі жоғары лауазымды қызметінің баспалдақтары біртіндеп биіктеп, іргелі шаруашылықты басқарады. Балқаш пен Сарқан аудандарының әкімі, Алматы облыстық Нұр Отан партиясы төрағасының орынбасары міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарады. Адал еңбектің шарапатына ген жатудың өзі бір ғанибет әрі мерейлі мәртебе ғой. Ерғазы Қошанбекұлының жемісті еңбегі ескеріліп, «Құрмет» орденімен марапатталған.

Жанымкүл ананың мәпелеп өсірген Тәттібике, Жұмабике, Бигазы, Топарбек, Сұлтанбек есімді балапандары да ата-ана үмітін ақтап, әрқайсысы өз алдарына жеке шаңырақ көтеріп, әулеттерінің мақтанышына айналып отыр. Жаны жайсаң ардақты ана Жанымкүлдің алпыс екі тамырын иітіп емізген ақ сүті ақталып, бойларына дәрумен болып тараған ұл-қыздарынан бүгінде 33 немере, 53 шөбере сүйіп, ұрпақтарының бал тілді қызықтарымен марқайып отырғанын көрудің өзі бір ғанибет.

Бүгінде туғанына жүз жыл толуын салтанатпен аталып өткелі отырған жаны жайсаң, мейірі шырайлы ардақты ана Бекетаева Жанымкүл Толықбайқызының қарапайыдылығын, адами қасиеттері мен парасаттылығын, ғұмырының шырайлы шақтары мен жан сарайының тазалығын, ізеттілігі мен ілтипаттылығын ашып көрсететін тұстарын арқау еткен жыр-дастанды оқырманға ұсынып отырмыз.

Ана мақтан – дәуірдің алыптары,
Ойлайтыны тек қана халық қамы.
Шапағаты шырайлы – жарық таңы.
Қасиеттің киесі ол халықтағы.

Барша ана – әлемнің жүрегі ғой,
Арқа сүйер мызғымас тірегі ғой.
Ұрпақ өсіп, гүл жайнап түлейді ғой,

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒЗЫМ

*Күн нұрындай жадырап күледі ғой.
Саясында көк аспан сайран салып,
Бақытына шаттанып жүреді ғой.
Бейбіт өмір күллі елге тілейді ғой.
Ана барда ырыс бар, тыныс та кең,
Аналардың осындай бірегейі
Жанымкүл де зиялының бірі еді ғой.*

*Ана тұлға – мызғымас тұғыры алып,
Ана шырақ – мәңгілік нұры жарық.
Ана ұстаз үйретер бар жақсыны,
Жан сырыңды түсінер ұғып қанық.
Олай деуге Жанымкүл сынды ананың
Жанар таудай атқылап жігер берер,
Өнегесі үрдісті ғұмыры анық.*

*Толықбай қарт кісі еді көпті көрген,
Жанымкүл де тәлім ап текті жерден,
Отағасы шақырған қонақ күтіп,
Талай-талай тұлғалы бекті көрген.*

*Көпшіл еді Жанымкүл бала күннен,
Тағылымды тәрбие ала білген.
Ағайынның наздығын жарастырып,
Ынтымақтың ұйтқысы бола білген.*

*Үй ішінде қабағы шырайлы ғой,
Тектілігін жігіттер сынайды ғой.
Жанымкүлдің көпке үлгі қастерлі ісі,
Қошанбектей жігітке ұнайды ғой.*

*Осы ару боп арманы – аңсағаны,
Сері жігіт Қошанбек тамсанады.
Сейіл құрып, сырласып танысады,
Беттен өбіп арайлы таң самалы.*

*Бір-бірінің сырларын жаттап ұғып,
Пәк сезімнің жай-күйін нақтап біліп,
Бағыт түзеп ну-өмір шатқалына,
Айлы кеште сыр ашты ақтарылып.*

*Көрікті қыз талдырмаш бұла мүсін,
Нар жігіттің құп көріп сұранысын,
Тағдыр қосты, оңаша отау тікті,
Тоғыстырып қос жүрек қуанышын.*

*Отбасында береке, бақ дарыған,
Әбден піскен қауындай қақ жарылған,
Шадыманды думан кеш жатады өтіп,
Ақ түйенің қарыны ақтарылған.*

*Бұратын көп тұс-тұстан ат басында,
Бекітпейтін үйінің қақпасын да.
Дәм татқандар жайылған дастарқаннан,
Ақ батасын беретін жақсы асына.*

*Шаңырақтың табынып киесіне,
Тағзым етіп үлкен үй иесіне,
Парасатты зерделі зейінімен,
Құлақ түрді есті сөз жүйесіне.*

*Кісілерге киелі табынатын.
Зерделілер қасынан табылатын.
Ізеттілік шегінен шықпайтын-ды,
Үлкендердің атамай лағыл атын.*

*Қошанбектей тең жүріп серіменен,
Тұрмыс түзеп маңдайдың теріменен.
Қасқа өгіз бен жағалап Іле бойын,
Тіл табысып ұғысты еліменен.*

*Берік ұстап дәстүрін ата салттың,
Ынтымақты қалайтын жарасатын.
Тар пейілге салынбай жомарттықпен,
Кембағалды жандарға қарасатын.*

*Тілекші боп жас келін түндігіне,
Ағайын мен туыстың бірлігіне,
Кірбің салмай, ибалық ілтипатпен,
Құт-береке енгізді тірлігіне.*

*Рулы елдің құрметті анасы деп,
(Аналардың ардақты бағасы бек),
Маңдайының жұлдызы жарқылдайды,
Бата берсе данагөй данасы кеп.*

*Ақылымен бар жайды түйсіндіріп,
Қатыгезді ділімен исіндіріп,
Аруақтың рухын сыйлай білді,
Ізетімен Ысты елін сүйсіндіріп.*

*Еңбексүйгіш ынтасын, құштарлығын,
Дәлелдеді бойында күш барлығын.
Ел сенімін арқалап жүрді дәйім,
Қызғаныштың білдірмей іштарлығын.
Саналарға сіңіріп иман шартын,
Қоса атқарды отбасы ұстаздығын.*

*Ақыл сөзін тыңдап ел құлақ түріп,
Күн нұрындай жүзінен шуақ төгіп,
Тыным таппай жүрсе де шаршамайтын,
Қуат беріп қажымас қайраттылық.*

*Сабырлы еді, байсалды ақылды еді,
Сескендірер сесімен батыл ерді.
Өнегелі үрдіске үндейтұғын
Ойы нақты, сөзі де нақыл еді.*

*Жан шуағын ешкімнен аямаған,
Жанымкүлді жандар көп саялаған.
Балақанды үйге енген жатырқамай,
Баласындай өзінің аялаған.*

*Қуанғанда шаттанып шалқып жүріп,
Шаруасын тындырып жарқын күліп,
Күдікті ойға бармайтын секем алар,
Әр нәрсенің сөйлейтін парқын біліп.*

*Етсе де еңбек, атаққа құнықпаған,
Құнтын қағып әр ісін құныттаған.
Белестерде өткен шақ іздері бар,
Елі талай қол соғып ұлықтаған.*

*«Тойымсыздық пиғылмен сидам жүріп,
Көзі тоймай қызығып жиған мүлік
Жолдас болмас, түбі бір орға жығар,
Ең қажетті керегі – имандылық»,*

*Дейтін ана Жанымкүл датын айтып,
Өсиетті үлгі етер ақыл айтып.
Ізгілікке жастарды шақыратын,
Көкейдегі ойларын батыл айтып.*

*Ана сөзін құп көріп құптағандар,
Күш-жігерін еңбекпен шыңдағандар,
Жайран қағып сайрандап жүр бүгінде,
Тезге түсіп, сағы бір сынбағандар.*

*Болсадағы кеудеде жаны басқа,
Қамқорлықпен қарайтын бауырласқа.
Қонақ жайлы үй еді, дастарқанды
Кең жаятын толтырып тәуір асқа.*

*Шаң шалмайтын ананың ерлігі бар,
Жеңе білген қиынды өрлігі бар.
Мейірінің шектеусіз ендігі бар.
Пейілінің даладай кеңдігі бар.*

*Бағындыр деп арманның биіктерін,
Өсиеттің санаға құйып кенін.
Бағыт беріп, жол сілтер ақыл сөзін
Тыңдайтын ел ынтамен ұйып керім.*

*Жан еместі дарақтап ісінетін,
Қайтармайтын ешқашан кісі бетін,
Атқарар да әр істі ойланатын,
Ұқыптылық пайдасын түсінетін.*

*Жігерленіп бойында қайрат тасып,
Шаруасын тындырып жайлап басып,
Кеуде керген дәкейдің мысын басып,
Еш пендемен көрмеген айбаттасып.*

*Жомарттығын, қолы ашық дарқандығын,
Кең пейілге сыйдырып бар пандығын,
Көңілдерге сыр құйып сергітетін,
Мінезінің байқатпай тарпаңдығын.*

*Асыл ана жүзіндей таң шырайлы,
Болашақтан күткендей жарқын айды,
Ақ ниетті ананың үміт оты
Көкте күлген жұлдыздай жарқылдайды.*

*Тәрбиенің танытып тектілігін,
Тең көтеріп ерлермен көштің жүгін,
Қызмет етті халыққа алғыс алып,
Сауда ісінде байқатып ептілігін.*

*Сан қияға жетелеп сағым арман,
Бір сәтке де жан емес дамыл алған.
Өңірінде Қасқаөгіз сайрап жатыр,
Ізгіліктің өшпейтін табы қалған.*

*Анаға тән ерекше – дара сыны,
Ағайынның шынайы жанашары.
Әуел бастан дарыған өн бойына
Қасиеттің адами бар асылы.*

*Өмірін де өткізген тамаша ғып,
Бас имеді ешкімге аласарып.
Кездесе де тағдырдың қилы қыры,
Ақ арына көрмеген таңба салып.*

*Жан-тәнімен сүйетін адалдықты,
Алласынан сұрайтын амандықты.
Шарапатты жақсылық жасап көпке,
Тілемейтін еш жанға жамандықты.*

*Ай жүзімен шырайлы тұрған күліп,
Жіберетін маңайын нұрландырып.
Әділдікті сүйетін, сол үшін де
Жасамайтын сырғақтап сырдан қылық.*

*Өткен күндер алыс бір елеске тең,
Шежірелі ұқсайды белеске кең.
Жанымкүлдей анадан елі сүйген,
Иықтасып еңбекте теңескен кем.*

*Ел айтатын қауесет сөзге ермейтін,
Мінезі де бір қалып өзгермейтін.
Шынды білмей, айып қой – артық сөйлеу,
Өрт шығар деп артынан безбендейтін.*

*Кейістікті білмейтін өмірінде,
Дық болмайтын құртымтай көңілінде.
Тектілікті дәріптеп ел ішінде,
Мәртебесін өсірді өңірінде.*

*Өткеліген өтсе де жар-қияның,
Шалқарындай кең еді дарияның.
Еңбек етіп кіргізген берекені,
Нар анасы тұлғалы жанұяның*

*Сүртіп тастап маңдайдан суық терді,
Істей жүріп жұмысты буып белді,
Жібін үзбей жалғайтын ататекті
Алтын тұяқ ұл-қызды туып берді.*

*Күлім қағып жүретін өзі күндей,
Балапанын аялап көзін ілмей,
Ашуға да кездейсоқ берілмейтін,
Мықтап ұстап тізгінін тәзімнің дәй.*

*Ақ тілекпен атырып бақыт таңын,
Өткізеді шаттықпен уақыттарын.
Аймалатып жүздерін мейір нұрға,
Масаттанды өмірдің татып дәмін.*

*Маңдайынан сипайтын анаң барда,
Жамандыққа қимайтын данаң барда,
Бар жақсыны басына үйіп-төгіп,
Талпындырды алдағы ақ арманға.*

*Жанымкүл де тіледі, балаларым
Даналардай таза ұстап саналарын,
Бәйтеректей бой түзеп көктесін деп,
Өр биікке арманның беттесін деп,*

*Шалыс басып, жаза алып кетпесін деп,
Сөкетті іспен намысын сөкпесін деп,
Мөлтілдетіп көз жасын төкпесін деп,
Тауқыметті қасірет шекпесін деп,*

*Бай-манаптар құлдыққа жекпесін деп,
Ұрпағымды Алласы қолдасын деп,
Шапағатты жақсылық жолдасын тек,
Ұлт дәстүрін, әдебін жалғасын деп,*

*Айдарынан жел есіп самғасын деп,
Қанаттары шырқаудан талмасын деп,
Бақуатты өмірде ойнап-күліп,
Шаттық жырын толассыз толғасын деп.*

*Алла беріп ананың тілегенін,
Жапырағы секілді бір еменнің
Өркені өскен әулетті мақтайды елі,
Тотыдайын құлпырып түлегенін.*

*Балқаш елі түлеген тұрағы бай,
Жанар нұры жайнайтын шырағындай,
Өрендері желкілдеп өзен-көлдің
Бой түзеді үкілі құрағындай.*

*Қанаттарын қатайтып қомдап бәрі,
Асыл ана арманын жалғап әрі,
Үлес қосып қомақты мақсатқа ортақ,
Өр биікке барады самғап әрі.*

*Жанарынан мейірдің самалы ұшқан,
Жарқын жүзі сәбидей бала құшқан,
Ұрпағының көрсетпей қызықтарын,
Ерте қиды-ау өмірін ажал-дұшпан.*

*Із қалдырды артында өшпейтұғын,
Арманы да көп еді көксейтұғын,
Ұрпақтары ержетіп өсіп жатыр,
Тамырланып емендей көктейтұғын.*

*Сыр да қалмас ол жайлы ақтарылмай,
Жаны таза қаңтардың ақ таңындай,
Маңдай тердің өтеуі болар, бәлкім,
Жемістері мәуелі бақтағыдай.*

*Рақатты өмір сыйлаған шат күнінді,
Таза ұстауға үндеген пәктігінді,
Тіршіліктің дәм-тұзын тарту еткен,
Құдіреті ананың тап бүгінгі.*

*Бақ боп қонған аңсаған арман құсы,
Аласармас ананың заңғар мысы.
Жастар үлгі тұтатын, міне осы,
Қасиетті ананың бар болмысы.*

*Шырай беріп арайлы таңның нұры,
Ел есінен кетпейтін тағдыр-үні,
Елестетіп күй толғау жаңғырығы,
Жарқылдайтын от шашқан найзағайдай,
Міне, осындай ананың бар ғұмыры!*

**Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЫСТАВКА «ЛУЧШИЙ ТОВАР КАЗАХСТАНА»

ЧЕМ УДИВИЛИ АЛМАТИНСКИЕ ПРОИЗВОДИТЕЛИ?

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, ВО ВРЕМЯ НЕДАВНЕЙ ВЫСТАВКИ «ЛУЧШИЙ ТОВАР КАЗАХСТАНА» АЛМАТИНСКИМИ ПРОИЗВОДИТЕЛЯМИ БЫЛИ ПРЕДСТАВЛЕНЫ ПОЛЕЗНЫЕ ЧИПСЫ ИЗ ФРУКТОВ, БИО-УДОБРЕНИЕ, НАПИТОК ИЗ ВЕРБЛЮЖЬЕЙ КОЛЮЧКИ, ПАРФЮМ С АРОМАТОМ СТЕПНЫХ ТРАВ, ИГРУШКИ-КОНСТРУКТОРЫ И Т.П.

Во время выставки «Лучший товар Казахстана» участники провели B2B переговоры, установили деловые связи, вышли с коммерческим предложением, договорились о сотрудничестве.

Участник выставки – компания «AiMAX» производит фруктовые чипсы и овощные цукаты. Компания была создана в начале 2022 года, работает около 10 сотрудников.

«Идея создать этот бизнес появилась благодаря маме нашего соучредителя. Она два года прожила в Канаде, где и открыла для себя полезные чипсы. Несколько месяцев мы экспериментировали с разными видами фруктов, в частности выбирали яблоки от разных производителей. Оказалось, что самые лучшие чипсы получаются именно с нашими местными яблоками, которые гораздо выше по качеству, чем импортные», – говорит соучредитель компании Максат Кудайберген.

По словам представителя «AiMAX», главная сложность такого бизнеса – в продвижении товара, ведь основная задача донести до потребителя – важность здорового питания и популяризировать эту идею. Тем не менее, продукция уже широко востребована в детских садах, школах, фитнес центрах и компаниях, специализирующихся на здоровом питании.

«Сейчас мы продолжаем работать над совершенствованием технологии производства, чтобы предлагать потребителям продукт, который почти на 100% сохраняет все свои полезные свойства. А также, будем сотрудничать с нашими иранскими партнёрами чтобы расширить наш ассортимент, создавать новые продукты», – подчеркнул Максат Кудайберген.

В рамках выставки производство готовых обедов ИП «Баймагамбетова» получило предложение по коллаборации продукции с кондитерской сетью «Куликовский». Впереди стадия переговоров. Продукция готовых обедов могут быть представлены в магазинах «Куликовский».

«На выставке удалось пообщаться с различными компаниями и обменяться контактами для возможного дальнейшего сотрудничества, такими как ТОО «ПрофХим», поговорили по поводу возможной коллаборации с ИП Султанова А.И. «Учебный центр «Есеева Дана» , – добавила представитель кондитерской сети «Куликовский» Юлиана.

Компания «Al Karal» выпускает различные удобрения для растений и кормовые добавки для животных. Разработки полностью экологичны, не вредят почве и животным. Компания в своем производстве использует научные разработки и сотрудничает с НИИ Новых химических технологий и материалов КазНУ им Аль-Фараби и другими научными институтами страны.

«Сейчас почва аграрных земель истощаются, а фермеры больше используют вредные удобрения, пестициды (селитра и т.д.). Они вредны для почвы. А наша разработка несет только пользу для окружающей среды», – говорит представитель компании.

Компания «АТММ», бренд OYMA – казахстанский производитель декоративно-отделочных материалов на основе полиуретана. Изделия, которые производятся на их основе, отличаются определенными свойствами: долговечность, прочность, устойчивость к негативным внешним проявлениям.

«Мы изготавливаем углы, уголки, панели, плинтусы, предназначенные для декоративной отделки потолков, стен, напольного покрытия, 3D панели и другие материалы. Ассортимент расширяется с каждым запросом клиентов. А наши клиенты – это оптовики, строительные компании и ИП, дизайнеры интерьеров, ценители красоты и эстетики», – говорит представитель компании Максат Аскарулы.

Предприятие было основано в 2021году. В команде трудятся порядка 15 человек. Есть филиал в Нур-Султане.

«Идея данного кейса возникла у моего партнера, когда он делал ремонт своей квартиры. Творческий человек, как и я, он искал необычные с неповторяющимися формами, узорами отделочные материалы. Не найдя ничего подходящего, он стал изучать этот рынок, свойства материала, поставщиков и понял, что данная ниша интересна для него, где он может творить и даже создавать материалы с национальным колоритом. Так появилось название OYMA», – добавил представитель компании.

«Al Karal» – это сертифицированный продукт казахстанского производства. Мы используем только натуральное местное сырье, которое проходит тщательный контроль качества. Компания на рынке с 2018 года. Сейчас компания успешно сотрудничает с Узбекистаном, Кыргызстаном и Россией.

Подгузники мод маркой «Preal» производят в Казахстане. Компания только выходит на внутренний рынок, планируется производство сырья для подгузников. Производители используют турецкую и японскую технологий.

«Подгузники на 100% гипоаллергенные. Пока мы выпустили пробную партию рабочим названием. Сейчас идут работу по брендингу», – говорит представитель компании.

По образованию психолог, владелица ИП «Бір тамшы» Балкия Балтабайкызы занимается шитьем и войлокованием. Сейчас хобби переросло в семейный бизнес: Балкия и детей приучила к рукоделию.

В первый день выставки «Лучший товар Казахстана» Балкия Балтабайкызы заключила контракт с одной алматинской гостиницей на поставку комнатных тапочек. На пробную партию гостиница закупила 50 пар тапочек.

«Рукодельем занимаюсь давно, этому ремеслу научила меня мама. Теперь уже и дочка хорошо шьет. А в бизнесе всего второй год. Всю свою продукцию продаем своими силами. Благодаря конкурсу-выставке появились новые клиенты, начали просить контакты, интересоваться. Вчера нам удалось продать небольшую партию комнатных тапочек одной из гостиниц Алматы», – делится Балкия Балтабайкызы.

По ее словам, многие гостиницы используют одноразовые тапочки, это непрактично, они быстро рвутся, больше отходов – урон экологии. Тапочки Балкии сшиты из натуральной тканей, пластик не используется.

По словам директора Палаты предпринимателей г. Алматы Айтуара Кошмамбетова, налаживание деловых связей между предпринимателями свидетельствует об эффективности выставки.

«Переговоры B2B – это площадка для заключения договоров с профессионалами, хорошо знающих рынок, спрос, ведение бизнеса. B2B – это, в первую очередь, преследование продавцом и покупателем одних интересов, отношение друг к другу как к партнерам. Отрадно, что на региональной выставке-конкурсе участники достигли такого результата», – сказал директор Региональной палаты Айтуар Кошмамбетов.

НАШ. КОРР.

Бейсенбі - Четверг, 1 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН
06.05, 03.40 «Киелі Қазақстан»
06.25, 10.00, 13.00,17.00, 20.00, 00.50 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10 Т/х «Соңғы аялдама»
14.10 «Қызық екен...»
15.10, 03.00 «Ұстаз»Деректі фильм
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы арыстан»
20.35, 01.25 «Ашық алаң»
21.30 Арнайы шығарылым
22.30 Телехикая «Өмір ызғары»
23.30 «Жүзден жүйрік»
02.15 «Теледәрігер»

ХАБАР
05.00 «Кім мықты?»
07.00 Тікелей эфирде «Оян»
10.00, 16.00 Мегахит «Такая, как все»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер-3»
13.00 Новости
13.10, 21.30 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
15.00 «Тарих.Тағдыр.Тұлға»
18.00 Мегахит «Опасный бизнес»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
23.30 Мегахит «Город банд»

АСТАНА
06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Інкәр сезім»
13.40 Х/ф «Побег из аула. Операция «Махаббат»
16.15 «Отбасы»
17.00, 02.30 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.25 Т/х «Есіктер-2»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
01.30 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той БАЗАР»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 Мелодрама «Ветреная женщина»
14.10, 03.25 «Новости»
14.20, 03.35 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 04.30 «Басты жаңалықтар»
19.00, 03.45 «Кереміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Наводчица»
20.50 Ночной кинотеатр «Золотая орда»
02.20 Сериал «Фурцева.Легенда о Екатерине»
05.00 «Той заказ»

КТК
07.05 «КТК қоржынынан»
07.25, 19.30, 04.00 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
09.25 Мелодрама «Испытание-2»
10.20, 21.30 Мелодрама «По праву любви»
12.30, 23.40 «Подражатель»
14.40, 03.15 «Көріпкел»
15.50 Т/х «Өкініш»
17.30, 02.15 Т/х «Сенсіз өтпес күндерім»
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.30 Мелодрама «Чума»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Бүгін»
11.30 «Мамандық маңызы»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетісу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ
06.00, 03.00 « Әзіл студио»
06.30, 05.00 «Ризамын»
07.00 Мультфильм
07.30, 20.00 «Информбюро»
08.30, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
09.30, 21.00 Т/х «Зейнеп»
10.30 Т/х «Қайсар»
12.00 Сериал «Сеняфедя»
12.25 Х/ф «Между небом и землей»
14.30 Х/ф «Случайный шпион»
17.00 Кино «Годзилла»
21.55 Х/ф «Анаконда»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.20 Сериал «Базарбаевтар»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Бала батл

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 13.20 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 16.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.10, 19.30 Сериал «Балабол»
14.40, 22.00 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
15.20, 00.10 Сериал «Полицейский с рублевки»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
22.00 «Алдараспан»
01.10 «Гадалка»
02.50 «Жайдарман»
03.50 «Айна-онлайн»
04.30 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Жұма - Пятница, 2 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 03.55 Әнұран
06.05, 03.35 «Киелі Қазақстан»
06.25, 10.00, 13.00,17.00, 20.00, 00.45 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан».
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00,13.10 Т/х «Соңғы аялдама»
14.10 «Қызық екен…»
15.10«Тіршілік»
15.45Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 Дисней ұсынады: «Сақшы арыстан». Мультхикая
20.30 «Ашық алаң»
21.25 «Жүзден жүйрік»
22.25 Т/х «Өмір ызғары»
23.25 «Көңіл толқыны»
01.15 «Ашық алаң»
02.05 «Теледәрігер»
02.50 «Тіршілік»
03.10 «Ауылдастар»

ХАБАР
05.00, 01.00 ҚР әнұраны
05.00 «Кім мықты»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00, 16.00 Сериал «Такая,как все»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер-3»
13.00 Новости
13.10, 21.30 Т/х «Көзімді жұмсамда...»
15.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
18.00 Мегахит «Город банд»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
23.30 Мегахит «Город тайн»

АСТАНА
06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 Т/х «Інкәр сезім»
13.40 Х\Ф «Я-жених»
16.15 Т/х«Отбасы»
17.00, 02.30 «Жұмбақ таймс»
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.25 Т/х «Есіктер-2»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
01.30 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ
06.00, 04.35 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю»
13.00 Сериал «Ветреная женщина»
14.10, 03.00 «Новости»
14.20, 03.10 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00 «Кереміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.55 Сериал «По следу зверя»
03.20 «Кереміз»
05.20 «Той заказ»

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан» ойын – сауық
07.25, 04.00, 04.30 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
09.25 «Испытание-2» мелодрама
10.20 Сериал «По праву любви»
12.30 Сериал «Подражатель»
14.40 «Көріпкел»
15.50 Т\Х «Өкініш»
17.30 Т/х «Сенсіз өтпес күндерім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.30 Сериал «Шаг к счастью»
01.10 «Чума»,криминальная драма

01.50 Т\Х «Сенсіз өтпес күндерім»
03.15 «Көріпкел» (қайталау)

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «AgroLife»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары/
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетісу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 « Әзіл студио»
06.30 Ризамын
07.00 М/с «Лекс и Плу»
07.30 «Информбюро»
08.30, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
09.30, 21.00 Т/х «Зейнеп»
10.30 Т/х «Қайсар»
12.00, 12.30 Сериал «Сеня-Федя»
13.00 Х/ф «Анаконда»
15.00 Х/ф «Анаконда-2»
17.10 Кино «Звездная пыль»
20.00 Информбюро
21.55 Худ. Фильм «Клаустрофобы-2: лига выживших»
01.00 «31 әзіл»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
02.40 1001 әзіл
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 13.20 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 16.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.10 Сериал «Балабол»
14.40 Т/х «Ата-ана. Бала -шаға»
15.20, 00.10 Сериал «Полицейский с рублевки»
18.30 Айбат
19.00 «Студия 7»
19.30 Х/ф «Мой шпион»
21.50 Шымкент шоу 10 жыл
01.10 Сериал «Гадалка»
02.50 Жайдарман
03.50 «Айна-online»
04.30 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 3 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 03.35 Әнұран
06.05, 03.35 «Киелі Қазақстан»
06.30, 01.35 «Теледәрігер»
07.25, 20.00, 01.05 Ақпарат
08.00, 02.25 «Зинһар»
08.50 Концерт «Әсем менің туған жерім»
10.00 «Ырыстың қазығы»
09.55 «Ырыстың қазығы»
10.05,18.00 Т\Х «Гүлдер құпиясы»
12.05 «Әзіл әлемі»
13.40 М/ф «Бигфут отбасы»
15.00 Т/х «Ахмет. Ұлт ұстазы»
20.30 Әбдәжаппар Әлқожа концерті
22.30 Т\Х «Өмір ызғары»
23.30 «Боксер» көркем фильм
03.10 «Ауылдастар»

ХАБАР
05.00 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кім мықты?»
07.00 Телехикая «Балтакөлде бақытым»
09.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
10.00 «Ән әлемі»
11.00 Кино «Менің атым қожа»
12.45 Т/х «Пәленшеевтер-3»
16.00 Сериал «Такая как все»
18.00 Мегахит «Город тайн»
20.00 «Пәленшеевтер»
21.40 «Не хабар». Тікелей эфир
22.30 Концерт «Айтылмаған бір әнім бар»

АСТАНА
06.00 «Үздік әзілдер»
06.10 Т/х «Фазилет ханым»
07.10 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20, 02.30 «Жұмбақтаймс»
12.00 Т/х «Дастан»
15.00 «Отбасы»
16.20 «Берекелі мереке-4»
20.00 «Сарап таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
23.50 «Аташка на хайпе»
01.40 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той БАЗАР»
08.00, 03.25 «П@утина»
09.10 «Жаңа техника – жаңа мүмкіндік»
09.20 Х/ф «Разрешите тебя поцеловать»
12.00 Сериал «Швабра-2»
16.30 «Бестің шәйі». Тікелей эфир
18.30 «Айна»
19.30 Сериал «Ребенок с гарантией»
23.45 Ночной кинотеатр «На луне»
02.20 «Поехали»
04.10 «Той БАЗАР»

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Т/х«Үлкен үй»
07.40 «Біздің концерт»
08.30 «Қарапайым-ханшайым»
09.20 «Юморина»
11.20 Сериал «Шаг к счастью»
15.00 Т/х «Сенсіз өтпес күндерім»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 Ән мен әнші
21.00 На качелях судьбы
01.20 Сериал «Чума»

02.00 Т/х «Сенсіз өтпес күндерім»
03.45-04.30 «Қарапайым-ханшайым»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Бүгін»
11.30 «AgroLife»
11.50 Инфо-блок
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «О рыбаке и его жене» ертегісі
14.30 «Бір туған» телехикаясы
15.30 «Қазақ үні»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетісу
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 01.20, 05.00 «31 әзіл»
09.00 «Күлік ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Бобби»
13.40 Х/ф «Анаконда-2»
15.50 Х/ф «Келинка Сабина»
18.20 Кино «Дамбо»
20.40 Х/ф «Железный человек-3»
23.20 «Bizdin show»
02.00 «What's up?»
02.30 «Тамаша лайв»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»
05.30 «What's up?»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00, 02.30 «Жайдарман»
08.30, 02.00 «Жұлдыздың жарығы»
09.00 «Орел и решка»
10.00 Сериал «Любовь без памяти»
14.20 «Күлкістан»
17.20 Шоу «Удивительные люди»
21.00 Х/ф «Малышка на миллион»
00.00 Х/ф «Эскобар»
04.30 Т/х «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 4 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН
06.00 04.35 Әнұран
06.05, 04.10 «Киелі Қазақстан»
06.30 Ақпарат
07.00 «Күй керуен»
07.40, 02.55 Д/ф «Дәуір даналары»
08.30 «Ақсауыт»
08.55 «Көңіл толқыны»
09.30 «Тұлға» деректі фильм
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00 М/ф «Бигфут отбасы»
13.20 «Ән мен әнші»
15.00 Т/х «Ахмет. Ұлт ұстазы»
20.00 «Апта»
20.50 «Абайлаңыз алаяқ!»
21.10 «Далам менің» концерт
22.30 Телехикая «Өмір ызғары»
23.30 «Әзіл әлемі»
00.30 «Апта»
01.20 Д/ф «Тұлға»
01.50 «Ақсауыт»
02.10 «Теледәрігер»
03.40 «Әйел әлемі»

ХАБАР
05.00 «Кім мықты?»
07.00 Т/х «Балтакөлде бақытым»
09.00 Концерт «Айтылмаған бір әнім бар»
11.00 Кино «Менің атым Қожа»
12.45Т/х «Пәленшеевтер-3»
16.00 Сериал «Поздний срок»
18.00 Сборник «Пәленшеевтер»
19.00 «Жеті қазына»
21.00 «7 күн»
21.40 «Интервью с Кривошеевым»
22.20 Д/ф «Отдел журналистских расследований. Ближе к делу»
23.00 Мегахит. «Вальдо»
01.00 ҚР әнұраны

АСТАНА
06.00 Үздік әзілдер
06.10 Т/х «Фазилет ханым»
07.10 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20, 02.30 «Жұмбақ таймс»
12.00 Т/х «Дастан»
15.00 Т/х «Отбасы»
16.20 «Аташка на хайпе»
18.00 «Әзілің жарасса...» концерт
23.50 Х\ф «Кеш келген махаббат»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той БАЗАР»
07.35, 03.30 «П@утина»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Д/ф «Жизнь как в кино»
10.15 «Қаймақ»
11.00 Сериал «Швабра-2»
15.45 «Квн»
18.55 «Добрый вечер Казахстан!»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Сериал «Сводная»
01.25 «Три аккорда»
04.15 «Той базар»

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ән мен әнші»
08.30 «Қарапайым-ханшайым»
09.20 «Юморина»
10.50 Сериал «На качелях судьбы»
15.00 Т/х «Сенсіз өтпес күндерім»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 «Махаббат әлемі» әншашу
21.00 «Портрет недели»
22.00 Сериал «Чужая»
01.30 Сериал «Чума»
02.10 Т/х «Сенсіз өтпескүндерім»
03.45, 04.30 «Қарапайым-ханшайым»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.35 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әдебиет пен адамзат»
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Құйынды мекен» телехикаясы

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 « Әзіл студио»
07.00 «Тамаша лайф»
08.00, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күлік ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 «Маша и медведь»
10.30 Х/ф «Келинка Сабина»
13.00 Кино «Звездная пыль»
16.00 Кино «Дамбо»
18.30 Х/ф «Железный человек-3»
21.20 Х/ф «Послезавтра»
00.00 «Алдараспан»
03.30, 05.30 What's up?
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00, 05.30 «Қуырдақ»
06.30 «Шаншар»
08.30, 01.20 «Жұлдыздың жарығы»
09.00 «Измайловский парк»
12.00 Х/ф «Малышка на миллион»
14.45К/ф «Бауырым»
17.15 К/ф «Бауырым-2»
20.00 «Тақиясыз періште»
21.00 Сериал «От любви до ненависти»
01.50 «Жайдарман»
02.50 Т/х «Япырай»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰМЫТЫЛҒАН ТАРИХ

ҚЫЗЫЛЖАР ШАЙҚАСЫ: АҢЫЗЫ МЕН АҚИҚАТЫ

Ертеден жеткен аңыз

Бала шағымызда ата-әжелеріміздің тізесіне сүйеніп жатып, ол кісілер айтқан аңызға құлағымызды түретінбіз. Соның бірі былай өрілетін: Осыдан 300 жылдың алдында қазақ ауылдарына тосыннан шапқыншылық жасаған жоңғарлар жолындағысының бәрін жайпап, қалың елдің көз жасы көл болып ағады. Осы тұста Құдайназар батыр ел ішінен іріктеп 100 сарбазды жинап, ел қауіпсіз жерге көшкенше қорған болып тұруды ойластырады. Әкесімен бірге ел қорғау жорығына 17 жасар қызы Гүлайым да аттанады. Олар жауды Қызылжар деген асуда тосып отырады. Қызылжар – ортасында арқырап өзен ағып жатқан, екі беткейі жалама жартаспен қоршалған тар шатқалда орналасқан асу. Еңістен келген жау төбеге шығатын басқа жол таппай осы мойнақтан аспақ болады. Жүз батыр жан алысып, жан берісіп шайқас жасайды.

Үш күндік жанталас шайқас барысында 100 сарбаз саны көп, күші басым жау жағынан тегіс құрбан болады. Шайқас бітіп, шамалы уақыт өткен соң жауынгерлерін іздеген ел азаматтары мүрдесі өртелген жүз батырдың шашылып жатқан сүйектеріне тап болады. Тек қол бастап жүрген Құдайназар батырдың күрек қасқа тісі мен қызы Гүлайымның өртелмей қалған бұрымынан танып, олардың сүйегін жинап, Құдайназар батыр мен қызы Гүлайымды бір жерге, басқаларын бір жерге арулап көміп, жүз батыр жерленген жерді «Жүз оба», батырдың қызы жерленген жерді «Қыз бейіті» деп атап аттанады. Содан бері үш жүз жыл бойы осы қоныстан қиыр жайлап көшкен ел ұрпақтарына осы шайқастың болғанын айтып, құлағына құюмен болды. Жылдар өтуімен қатар басқаларының аты ұмытылып, тек Құдайназар мен қызы Гүлайымның аты Қызылжар шайқасымен қатар аталып жүрді. Сол аңыз міне, бүгін ақиқатқа айналып, өз бағасын алуға мүмкіндік туды.

Шайқас қай жерде болған?

Жетісулық өлкетанушылар мен Құдайназар батырдың ұрпақтары осы бір тарихи оқиғаның орнын анықтау үшін бірқатар ізденіс жасады. Жалпы еліміздің әр өңірінде 24 «Қызылжар» деп аталатын жер атауы кездеседі. Өлкетанушылар оның бәрін сараптап, жергілікті тұрғындардан деректер жинап, аңыз-әңгімелер негізінде аталған шайқастың орнын Ақсу ауданына қарасты Қапал шатқалында болған деп тұрақтандырды. Әрине, аңыз боп жеткен ақиқатты анықтау үшін сол өңірдегі жергілікті тұрғындардың пікірінің де салмақ басатыны анық. Ауыздан-ауызға айтылып жеткен аңыз-әңгімелер, тарихшылар мен шежірешілердің жазбасы және ақын-жазушылардың өлең-жырларына да құрметпен қарауға тура келді. Сол қатарда өткен ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Досбер Саурықұлының «Есенгелді би» дастанын атауға болады.

Ең қызығы, Қызылжар шайқасы болған асуда тұрып, осы дастандағы оқиғасы, өлеңде өрнектелген жер өзі сөйлеп кетеді. Осындай дәлелдер мен дәйектерді назарға алған Алматы облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы және жетісулық өлкетанушылар, Қызылжар шайқасының батыры Құдайназар Тәңірбердіұлының ұрпақтарынан ұйымдасқан экспедиция 22 маусым күні Ақсу ауданы, Қапал ауылына қарасты жергілікті жұрт «Жүз оба», «Қыз бейіті» атап кеткен тарихи орын мен Қызылжар шайқасы болған асуға сапар шекті. Көпшілік батыр мен оның қызы және 100 сарбаз жерленген қорым мен шайқас болған асуға белгі қойып, тарихты қайта жаңғыртты.

БІР ҒАСЫРҒА ҰЛАСҚАН ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСЫНДА ТАЛАЙ ЕРЛІК ІСТЕР МЕН БАТЫРЛЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ БОЛҒАН ҮЛКЕНДІ-КІШІЛІ ШАЙҚАСТАР ӨТКЕНІ МӘЛІМ. БІРАҚ КЕЙІНГІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК, ТАҒЫ ДА БАСҚА ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ СОНЫҢ КӨБІ ҰМЫТЫЛДЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІН СОЛ ҰМЫТЫЛҒАН ТАРИХ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ ТАРИХШЫ, ӨЛКЕТАНУШЫЛАРДЫҢ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕГІНІҢ АРҚАСЫНДА ТАРИХЫМЫЗҒА ҚАЙТА ОРАЛДЫ. СОНЫҢ БІРІ 1640 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР АРАСЫНДАҒЫ ОР ӨЗЕНІНІҢ БОЙЫНДА ӨТКЕН «ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ» БОЛСА, ОНЫҢ ЖАЛҒАСЫ БОЛҒАН «ҚЫЗЫЛЖАР ШАЙҚАСЫ ДА» ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ.

Тарихи маңызы

Қазақ-жоңғар соғысы тұсында Жетісу жері үшін күрес талай боздақтың жанын қиып, ерлік істердің өнегесін қалдырды. Бірақ соның көбі зерттелмей, тек аңыз болып айтылып жүр. Себебі ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерге, жер-су аттарының этимологиясына жасалған талдауларға сәйкес 1635-1758 жылдар аралығында Жетісу Алатауының Лепсі, Сарқан, Қаратал, өзендерінің жоғарғы ағыстарында қазақтар мен жоңғар қалмақтары 100 жылдай қатар қоныстанғанын айғақтайтын деректер бар. Оны Қаратал өзені алабының жоғарғы ағысындағы Бұрқанбұлақ, Шыжы, Мұқыры сияқты жергілікті жер-су аттары, Қора өзенінің Қаратаłға құяр сағасында будда храмының орнының сақталуы дәлелдейді. Жоңғар қонтайшысы 1657 жылдан кейін дүркін-дүркін қазақ даласына, әсіресе Жетісу жеріне шабуыл жасап, Іле Алатауын бойлай отырып, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстанның Ыстықкөл, Шу, Талас облыстарын жаулап алғаны мәлім. Олар осыдан кейін де соғыс өрті толастаған жоқ. 1697 жылы Себен Рабданның билікке келуі қазақ-жоңғар арасындағы қақтығысты тіптен ушықтырып жіберді. Ол 1697-1916 жылдар аралығында Жоңғар Алатауы арқылы Солтүстікке жорық жасады. Түптен келгенде, Қызылжар шайқасы – XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында орын алған ел қорғау жолындағы ұлы шайқастардың заңды жалғасы саналады. Қазірге дейін шайқаста қайтыс болған жүз сарбаздың екеуінің аты мәлім. Ал қалған 98 батыр сол кездері осы шайқас болған өңірді мекендеген төрт төлегетайдың, жалайыр, албан, суан, дулат руларының азаматтары деген болжам бар. Бұл ақиқатты анықтау алдағы уақыттың еншісінде.

Жылқының ішін жарып соғысу тактикасы

«Осы ұлан-ғайыр даланы батырлардың білегі, тұлпарлардың тұяғымен қорғағанбыз» деп дәріптейтініміз рас. Алайда ақыл-мандардың парасаты мен, аталар қолданған соғыс такти-касымен де жасапын келген жаудың сағын сындырғанымыз анық. Қазақ батырларының соғыс әдістері айрықша болған, әр түрлі соғыс тактикасын, соғыс тәсілін пайдалана білген. Алайда соның көбін біз ұмыттық. Өйткені XIX ғасырдағы Ресейдің әйел патшасы: «садақ ұстаған қазақтың қолы кесілсін!» деген Жарлығы сол соғыс тәсілдерін ұмыттыруға жұмыс істеді.

Қызылжар шайқасындағы «Жылқының ішін жарып соғысу» тактикасы – әлем тарихында болмаған ерекше ұрыс әдісі және осыдан кейінгі қазақ-жоңғар соғысындағы соғыс тактикаларының бастамасы болған жаңалық. «Бір қызығы – бұл соғыс тактикасын қазақ батырларынан 200-300 жылдан кейін Француз әскерлері бірінші дүниежүзілік соғыста қолданыпты. Ал бұл соғыс тәсілі Европа соғыс тарихындағы «таңғажайып ұрыс тактикаларының бірі» ретінде жазылған. Голливуд осындай қорғану тәсілін қолданған шын тарихи оқиғаны баяндап, фильм түсіріп үлгерді. 1823 Миссури территориясындағы американдық тәуекелші Хью Гласстың өміріндегі бірқатар оқиғалардан шабыт алып, американдық жазушы Майкл Панке 2002 жылы «Тірі қалған» (Выживший) деген роман жазды. Автордың осы романды жазуына итермелеген таңғаларлық шытырман оқиғаның бірі - «жылқының ішін жару тәсілі» болған, сол себепті, бұл оқиға романға ерекше бөлім ретінде қосылған. 2015 жылы романды арқау етіп, Алехандро Гонсалес Иньярриту фильм түсірді. 88-ші реткі Оскар сыйлығының 12 номинациясына ие болған фильмде жергілікті үнділермен соғыс дәуіріндегі қиын-қыстау жағдайда «жылқының ішін жару тактикасы» көрсетілген. Шын мәнінде, мұндай ұрыс тәсілін олардан бірнеше ғасыр бұрын біздің ата-бабаларымыз қолданған болса да оны әлі күнге әспеттей алмай келеміз», – деп дәлелдеді жас зерттеуші Талғар Дәлелғазы. Демек, біз осы бір ұмытылған тарихты қайта түгендеуіміз керек. Ол үлкен еңбекті қажет етеді.

Гүлайым қыздың ерлігі

Расында, ел қорғау жайлы сөз болса, көп жағдайда «Егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалған» ерлердің ісін ұлықтап, ерлігін әспеттеп, даңқын асырып келеміз. Осы тұста: «Қазақ қыздарының ұлтымыздың тарихына қосқан үлесі неге насихатталмайды?» деген сұрақ туындайды. Ендеше сол батырлар мен ақындарды туған, ақылымен ел билеген және айбатымен жауды қуған аналар мен апаларымыздың есімін келешек ұрпақтың есінде қалдыруға неге құлшынбаймыз. Тарих пен шежіре деректерін парақтап көрсек, сонау Сақ ханшайымы Тұмар ханымнан, бүгінгі Әлия мен Мәншүкке дейін қазақтың талай батыр қызы ел қорғаудың ерен үлгісін қалдырды. Бүгінде сол қатарға өзінің өлетінін біле тұрып елін, әкесін қорғау үшін басын бәйгеге тіккен Гүлайым Құдайназарқызының ерлігі ескерілмей жатқаны өкініштi-ақ.

Өлкетанушылар не дейді?

Ғалымжан ОСПАНОВ, Алматы облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының директоры: – 2017 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы басталғанда Алматы облысынан Жалпыұлттық объектілер тізіміне 17, өңірлік объектілер тізіміне іріктеліп 41 нысан енгізілді. Алдағы уақытта Қызылжар шайқасы болған және Құдайназар батыр мен батыр қызы Гүлайым басшылығындағы жүз сарбаздың қайтыс болған жерін картаға түсіріп, мемлекеттік комиссияға ұсынамыз. Егер қолдау тауып жатса, қасиетті нысан ретінде мемлекеттік тізімге енгіземіз.

Еркін ТОҚПАНОВ, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері, география ғылымдарының кандидаты: – Қойы қоралас болған қазақ пен жоңғар қалмақтары арасында қақтығыстар, сұрапыл соғыстар жиі болып тұрған. Соның бірі 17 ғасырдың соңындағы Құдайназар батыр бастаған «Орбұлақ», «Аңырақай», «Ойрантөбе» шайқастары болған жерлер республикалық және өңірлік маңызы бар киелі орындар тізіміне енгенімен 1697 жылдары Құдайназар батыр бастаған «Қызылжар» шайқасы болғанын айғақтайтын қазақ сараздары, Құдайназар батыр мен 18 жасар қызы Гүлайым жерленген «Жүз оба» әлі киелі орындар тізіміне енген жоқ. Осы істі қолға алу керек.

Қали ИБРАЙИЖАНОВ, Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі: – Қорыта айтқанда бүгінгі конференцияның арқауы болып отырған «Қызылжар шайқасы» іргелес жатқан Суан елінің батырлары да қатысты деген жорамалымыз да жоқ емес... Себебі басқыншы жауға қарсы ту көтеріліп, ұран тасталғанда алыс-жақындығы бар Алаштың ұрпағы атқа қонған. Қаны бір қазақ жұрты қашанда сыртқы жауға жұмылған жұдырықтай болып қарсы тұрған. Елі мен жері үшін ажалға қарсы тұрған жаужүрек батыр аталарымыздың арқасында бүгінде осындай ұлан-ғайыр жердің егесіміз, тәуелсіз мемлекетпіз.

Қуанған ӨНЕРБЕК, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі: – Қазақ-жоңғар соғысы тұсында Жетісу жері үшін күрес талай боздақтың жанын қиып, ерлік істердің өнегесін қалдырды. Жетісу жерінде әйгілі шайқастар көп болған еді. Бірақ соның көбі зерттелмей, тек аңыз болып айтылып жүр. Қора шатқалы арқылы Қапалға асатын тұстағы Қызылжар асуында 100 батыр жасанып келген жауды тосып, елді қорғау жолында ерлікпен құрбан болады. Олар осы арқылы ел мен жерді қорғау үшін істеген ерліктің қанша ғасыр өтсе де ел жадынан өшпейтіндігін ұғындырды.

Имаш АБДЫРАХМАНҰЛЫ, Құдайназар батырдың ұрпағы: – Құдайназар батырдың кіндігінен Жолымбет, Есенгелді, Солтангелді атты үш ұл тарайды. Бұл тарихта «Үш жетім» деген атпен белгілі. Жолымбеттен 6, Есенгелдіден 19, кей деректе 23, Солтангелдіден 12 ата тарайды. Кейінгі жылдардағы санақ бойынша «Үш жетімнің» ұрпағы 150 мыңға жетті. Олар әлемнің әр түкпірінде АҚШ, Жапония, Түркия және басқа да Европа елдерінде, Араб мемлекеттерінде, Иран, Ирак сияқты Азия елдерінде қоныстанып, адамзат өркениетіне үлес қосуда. Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Үш жетімнің» ұрпақтары атажұртқа оралып, еліміздің әр өңіріне тұрақтап, ел өркениетін еселеу жолында еңбек етіп келеді.

Ғылыми-танымдық конференция

«Игі істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, Жетісу өңіріндегі тарихшылар, өлкетанушылар, облыстық ақсақалдар және аналар кеңестерінің мүшелері Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында өткен «Қызылжар шайқасы: Құдайназар бастаған 100 сарбаздың тарихи рөлі» атты конференцияда бас қосып, тарихтың жаңа бетін ашты. Шара аясында бірнеше баяндама оқылып, көптеген азаматтың ұсыныс, өтініші тыңдалды.

Соңында конференцияға қатысушылар «Қызылжар шайқасы» қазақ батырларының ел қорғау жолында тізе қоса ұрыс жүргізген ерлік шайқасы деп танып, Қызылжар асуы мен Құдайназар батыр мен қызы Гүлайым және қазақтың жүз сарбазы жерленген, жергілікті тұрғындар «Жүз оба» мен «Қыз бейіті» деп атап келген қорымды Қазақстанның жергілікті маңызы бар қасиетті нысандары тізіміне енгізуді ұсынды. Сондай-ақ Шайқаста мерт болған 98 батырдың тұлғасын анықтау, Талдықорған – Қапал жолы бойындағы Шынбұлақ арқылы Қызылжар шайқасы болған жерге баратын бұрылысқа жол белгісін қою, Қызылжар шайқасы болған асуды Жетісу облысының туристік картасынан енгізу, М. Тынышпаев атындағы облыстық музейден «Қызылжар шайқасының» тарихы жинақталған шағын бұрыш және Талдықорған мемлекеттік архивінен Қызылжар шайқасына қатысты деректерді жинақтайтын арнайы орын ашу, тарихи орынды абаттандыру, Гүлайым Құдайназарқызының есімі мен ерлігін мектеп оқулықтарына енгізу, Жетісу өңіріндегі әлі де өз бағасын алмаған ел қорғау жолындағы шайқастарды анықтап, оны тарих керуеніне қосу мақсатында «Қызылжар шайқасы» жетісулық өлкетанушылардың қоғамдық бірлестігін құруға қатысты өтініштер айтылды. Конференцияға қатысқан тиісті құзіретті орган өкілдері бұл ұсыныстарды қолдайтынын білдірді.

Ғылыми баяндама оқылып, өзекті ұсыныстар ортаға түскен Қызылжар шайқасы, міне, осылай өз мәресіне жетті. Бірақ Қызылжар шайқасын тарих тізбесіне енгізу жұмысы жаңа тапсырмалармен басталды.

Қажет АНДАС,
өлкетанушы-журналист.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА ҚАЗАҚ РАДИОСЫНАН РОЗА ТӘЖІБАЙҚЫЗЫНЫҢ ЖІБЕКТЕЙ ЕСІЛГЕН, КҮМІСТЕЙ СЫҢҒЫРЛАҒАН ӘУЕЗДІ ҮНІМЕН ШЫРҚАЛҒАН АҚЫН М. ӘЛІМБАЕВТЫҢ АТАҚТЫ «АҚМАҢДАЙЛЫМ» ӘНІНДЕГІ (МУЗЫКАСЫ Ш.ҚАЛДАЯҚОВ): «ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖОҚ, СӘУЛЕМ, ЕРТЕ-КЕШІ, ЖАДЫРАШЫ, НАЗДАНШЫ, ЕРКЕЛЕШІ», – ДЕГЕН ЖАНДЫ БАУРАП, ЖҮРЕКТІ ТЕРБЕЙТІН ЖОЛДАРДЫ СҮЙСІНЕ ТЫҢДАЙТЫН ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫСЫ, ТАЛҒАМПАЗ МҰХТАР ӘУЕЗОВ АҒАМЫЗ РАХАТТАНЫП, ЖАНЫ ЖАДЫРАП, СҮЙСІНІП ӘРІ СҮЙІНІП ҚАЛАДЫ.

ӘН ӨНЕРІНІҢ *падишасы*

Әнші қарындасының талантына, қайталанбас дауысына, үздік өнеріне өз ортасында әрдайым ризашылығын білдіріп, әспеттеп отырады екен. Міне, сол ән әлеміндегі сирек құбылыс саналатын Қазақстанның халық әртісі «Халық Қаһарманы» Роза Бағланова апамыздың (1922-2011ж.) жүз жылдық мерейтойына орай еске алу шаралары жыл басынан бері республикамыздың шартарабында жоғары деңгейде аталып өтуде. Үкімет ұсынысымен аталған мерейтой әлемдік ұйым ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне енгізілгені, Ұлттық Банк тарапынан коллекциялық монета шығарылғаны мәлім. Мұның сыры туған халқына деген ризашылығын көзі жұмылғанға дейін «Айналайын халқымнан еркелеткен!, – деп ризашылығын білдірумен өткен замана бұлбұлының репертуары қазағым мен түркі тілдес ұлттардың тамылжыған әуенімен қатар әлем халықтарының (орыс, украин, поляк, венгр, қытай, үнді, корей, грузин т.б.) әндеріне бай болатын. Мемлекет басшыларының арнайы шақыруымен дүние жүзінің көптеген елінде гастрольдік сапарда болып, ұлттық өнеріміздің мәртебесін асқақтатқандығы тағы бар. Үкіметіміз бен халқымыздың өнер әлкесіндегі жарық жұлдызына, аяулы перзентіне деген ыстық ықыласы мен шексіз сүйіспеншілігі болар биылғы жылдың көктемінде, рухани астанамыз Алматыда өзі ұзақ жылдар еңбек еткен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы ғимаратының алдына биіктігі 4,8 метрлік, қоладан құйылған ескерткіші бой көтерді. Республика сарайында ілтипатшыл шәкірттерінің ұйытқы болуымен «Ақмаңдайлым» атты мерекелік концерті өтті. Мерейтой шаралары өзге өңірлерде де кең қанат жаюда. Осы бір игі үрдістің жыл соңына дейін саябырсып, баяуламасына бек сенімдімін.

«Сабақты ине сәтімен» дегендей, мен бұл жолы өткенді сағынышпен еске ала отырып, өз дәуірінде әншілік, азаматтық, қайраткерлік атақ-даңқы жер жарған, көзі тірісінде-ақ аңыз адамға айналған, жүз сан әуезді бір бойына тоғыстырған, шырқай салған әні жанды баурап, жүректі тербейтін, сыңғырлаған үні құлақтан кетпейтін Роза апамыздың жер жаннаты Жетісуға, онда да қасиетті әулиелер мен ержүрек батырлар мекені, осыдан он тоғыз жыл бұрын әдейілеп келіп, ел аралаған, өнер көрсеткен бір сапары жайлы қоспасыз, боямасыз әңгімелеуді құп көрдім. Сонымен... Әлі есімде, бәрі есімде. Үш мыңыншы ғасырдың басы, яғни 2003 жылдың тамылжыған тамыз айының басы болатын. Роза апамыздың Алматыдан Жетісудың кіндік қаласы Талдықорғанда аялдаған соң (облыс әкімі Ш. Құлмаханов) іргедегі Қаратаплға, мұнан кейін сапарын аймақтың күнгей аудандарында (Ақсу, Сарқан, Алакөл) жалғастыратындығы турасындағы хабары алдымен аудан әкімдігімен (әкім С. Бескемпіров) аудандық мәслихатқа (хатшы Ж. Тебериков) ізінше біздің ішкі саясат бөліміне жеткен еді. Күні 12 тамыз, сағаты кешкі 5:00, өтетін орны аудандық Мәдениет үйі деп белгіленді. Сол тұстағы Білім және мәдениет министрлігі мәдениет департаментіне қарасты «Қазақ концерт» (Алматы) мекемесі әзірлеп ұсынған Роза апамыздың «СССР халық әртісі, «Халық қаһарманы» атты сипаттамасы бар, үлбіретіп үкі қадаған жанат бөрікті, күндей күлімдеген жайдарман жүзді портреттік афишасы (жарнамасы) қаланың көпшілік орындарына ілінді. Мекеме ұжымдары мен жеке тұлғаларға хабарлап, билет тарату міндеті бұл салада тәжірибесі мол, іскерлігі басым Жексенбек Ақылбекұлына (бөлімнің бас маманы) жүктелді. Осы орайда ерекшелеп қадап айтар жайт бұған дейін ауданға ай құрғатпай келіп, кетіп жүретін, атағы дардай деген әнші мен әртістердің сатылым билеттері зордың күшімен, тіпті әкімшілік тұрғыда мәжбүрлеп, тықпалау арқылы таратылатын болса, кереметті қараңыз (құдіретке баласаңыз да еркіңіз) ән падишасын тамашалау билеті екі сөзге келместен тез арада таратылды. Бөлімге телефон шалып, хабарласушылар да жиілеп кетті.

«Жаншүкір дегенде жан қала ма?!» демекші, аудан басшылығы халқымыздың аяулы перзентін сән-салтанатпен қарсы алу, бұған лайықты қызмет көрсету, риза етіп шығарып салуға аса ыждағаттылық танытты. Аудан әкімдігі мен мәслихаттың әсем безендірілген, көркем тілмен кестеленген «Алғыс хаты» әзірленді. Ондағы: «Ардақты Роза Тәжібайқызы! Сіздің тау бұлағындай сыңғырлаған, бұлбұлдай құйқылжыған әуезді де сазды әніңіздің қазақ (әлем десе де болады) аспанында қырандай қалықтағанына алпыс жылдан астам уақыт өтіпті. Шынайы тума талантқа, өнер саңлағына егделік пен қарттықтың жоқтығын (апамыздың 81-ді еңсерген шағы) Сіз өнер жұлдыздары Қанабек аға мен Күләш және Бикен тәтенің ізі қалған құт-берекелі Қаратал топырағына келіп, жұртшылықты әнмен сусындату сапарыңызда жарқырата дәлелдей түстіңіз. Сүйікті Роза апай, болашақта да «Айналайын халқымнан, еркелеткен» деп, ортамызда гүлдей жайнап, қызғалдақтай құлпырып жүре беруіңізге тілектеспіз», – деген жүрекжарды лебіз тарихи тұлғаға деген ыстық ілтипат болатын.

«Жақсыны көрмек үшін» дегендей, ауданның ән сүйер қауымы апамыздың айтулы концертін тамашалауға өз шамашарқынша: біреуі шашын сәндеп, жаңа көйлегін әзірлеп, ал енді біреуі гүл шоғын сатып алып дегендей даярланса керек. Ал мен өз басым «Қарына тартпағанның қары сынсын», – деген қағидамен әсем әнімен әлемді шарлаған, сұлу Сырың, онда да қазыналы Қазалы топырағының бір тумасы болғандықтан осы қолайлы мүмкіндікті пайдаланып әнші қолтаңбасын алып қалуды ұйғардым. Осы мақсатта сыйлы қонақтың афишаға шығарылған портреттік суретінің оң жақ шекесіне компьютермен терілген шағын тілекті желімдеп (әншінің уақытын алмас үшін) өзіммен бірге Мәдениет үйіне сәл ертерек ала бардым. Күні ілгері мәлім болғандай, апайдың жанына ерген серігі продюсері әрі концерттік жүргізушісі «Қазақ концерттің» қызметкері, Қостанай өңірінің тумасы Қуаныш Әбдіқалымов екен. Жексенбек досым екеуміз ағамызға жолығып, қазақы салтпен сәлем бердік. Мен өз бұйымтайымды: апай екеуміз бір топырақтан екенімізді, ескерткіш белгі үшін қолтаңбасын алғым келетінін айттым. Неге екенін қайдам, ағамыз әп дегеннен-ақ түлкі бұлаңға салды. Апамыздың қолының бос еместігін, көрші бөлмеде оңашаланып сахнаға шығуға даярланып жатқанын, мазасын алмау керектігін алға тартты. Жекең екеуміз екі жақтап: «Жарайды, олай болса. Сіз онда мына портретті ала кіріп, жағдайды баяндап, қол қойдырып шықсаңыз жақсы болар еді» деп тақылдап қоймадық. Бізден оңайлықпен құтылмасын білген болар: «Жарайды онда, жігіттер» деп әзір тұрған қаламсап пен портретті алып дәлізге шықты. Басқан ізін аңдыған біз болмадық. Сәлден соң қайта оралды да бергенімізді қайтарып берді. Ізгі тілекті мәтіннің соңында сипатқай қойылған қолтаңба ғана. Бір пәлені сезгендей, ішім қылп ете қалды. «Апай сонда қызығушылық танытып мәселенің мән-жайын сұрамады ма?!» деген сауалыма: «Бары да, нары да осы» деп әңгімені кілт тиып тастады. «Елдестіру елшіден» деген ұстанымды сақтамаған жаннан күдерімізді үзіп: «Жарайды онда» деп көрермендер лық толы залға қарай беттедік. Осылайша «Адамның күні адаммен» деген ата салт далада қалды...

Жайшылықта бес жүз адамдық кең сарайдың ортасы ойсырап, бос қаңырап тұрушы еді. Ал бұл жолы оның аузымұрны нық толды. Екі қапталға қосымша орындықтар да қойылды. Көп күттірмей межелі сағатында көпшіліктің тағатсыздана күткен концерті де басталып кетті. Дуылдай ұзақ соғылған шапалақтардың қолпаштауымен сахнаға жарқ етіп Роза апаймыз да шыға келді. Осының алдында ғана досымыз, өзі де өнерпаз, аудандық мәслихаттың сол тұстағы хатшысы Жекен Молдағалиұлы құттықтау сөз сөйлеп, өнер кешін ашып берген еді. Сол жолғы аудан басшылығы және көптің атынан айтылған: «Сізге Алла тағала болашақта да ұзақ ғұмыр, бақ-дәулет, асқақ абырой берсін. Халқымызды әнмен сусындатып, өнермен желпінтіп, сау-саламатта жүре бергейсіз» деген ақ тілек шарапаты сүйікті апамызға табаны күректей сегіз жыл (2011 жылға дейін) бойы қолдап, қуаттайтындай жан серік болып еді... Содан не керек, қос ғасырдың куәгері, отты да, оқты да көрген, көзі тірі тарихи тұлға саналатын Роза апаймыздың күміс көмейінен сыңғырлай төгілген: әу басында халық әні «Сәулемайдан» басталып, айдың көлдің еркесі деп аққуға балайтын «Ақ тамақ» адам атаулының мен мұраты асыл болуға меңзейтін «Асыл арман», сұлулық пен әдемілікке тәнті ететін «Әдемі», ғашықтық сезімге, мөлдір махаббатты қастерлеуге арналған, екінің бірі сүйіп шырқайтын, кеңінен танымал «Ақмаңдайлым» мен «Ақсұңқарым» әні сорғалай шырқалып, әуелеп кете барды. «Іңкәрім-айды» үздіге, құйқылжыта салып, жүрек біткенді жаулап та, баурап та алды.

Сәл дамылдаған үзілістен кейін сахнаға қызыл шыт орамалымен шығып, ән әуеніне елтіген тұста қолымен желпіпжелпіп алып, әу бастағы әншілік бағын ашқан, Мәскеу сахналары мен майдан даласында шырқалған «Ах, Самара, городок» пен «Катюша» әні аталарымыз бастан өткізген сұрапыл жылдардың тынысынан хабардар еткендей күй кештірді. Туған жер, сүйікті Отан мен тәуелсіз Қазақстанның мәртебесін асқақтатуға арналған әндерге де кезек берілді. Бір емес, екі сағатқа ұласқан тамаша концерт бала кезден жанымызға жақын Бейбітшілік тулары берік қолда» әнімен түйінделді. Қараталдықтардың дүлділ әншіге деген ыстық ықыластары мен алғаусыз пейілдерін сатырлата қол соғу арқылы жеткізіп отырды. Қаратал ауданының өнер тарихында алтын әріппен әспеттеле жазылатын ән кешінің соңында ғасырда бір туатын талант иесіне аудан әкімдігі мен мәслихаттың «Алғыс хаты» табысталды. Ауданның байырғы тұрғындары атынан: Рахила апай мен серіктестік басшысы Л.Ли алғыс сезімдерін жеткізіп, құшақ толатын қызылды-жасылды гүл себетін сыйлады. Залдағылар тікесінен-тік тұрып құрмет көрсетті.

Уақыт деген неткен жүйрік еді. Міне сол, бір ұмытылмас сәттен табаны күректей он тоғыз жыл да (апамыздың көз жұмғанына да он бір жыл) өте шығыпты. Ұлтымыздың дара да ұлы әншісінің ғасырлық тойының жер-жерде жоғары деңгейлі рухани сипатта аталып өтуі халқымыздың сүйікті перзентіне деген шексіз сүйіспеншілігі саналса керек. Өз басым, әнші Роза Тәжібайқызының сол жолғы Жетісуға, онда Қараталға арнайылап келген соңғы сапары өзінің ризашылықпен «Айналайын, халқымнан еркелеткен», – деп жиі айтатындай сексенінде де өз аяғымен келіп, ән мен жыр сүйер қалың елімен қимай қоштасуындай бағаланары бар. Рухыңыз әрдайым асқақ болып, көгімізде жарық жұлдыз болып жарқырай беріңіз, бексат болмысты ән падишасы!

Қараша ҚАРАМАН

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ОСВОИЛИ НАВЫКИ КОНДИТЕРСКОГО ДЕЛА

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ПРИ ПАЛАТЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ ПРОВЕЛ БЕСПЛАТНЫЕ КУРСЫ ПО ОБУЧЕНИЮ КОНДИТЕРСКОМУ ДЕЛУ.

Бесплатное обучение было организовано с целью запуска и развития своего бизнеса по курсу «Кондитер-оформитель» в специализированном колледже. Сегодня 30 женщин с инициативой открыть своё дело в кондитерской отрасли успешно завершили обучение и получили сертификаты.

Больше месяца кондитерскому делу женщин обучала шеф-кондитер, мастер производственного обучения ТОО «Организация образования колледжа «Перспектива» Гульмира Аюпова.

«У меня несколько видов деятельности и одна из них – кондитерское дело. Я давно хотела научиться печь профессионально, но такие курсы стоят не маленьких денег. Благодаря Центру развития женского предпринимательства города Алматы, я получила такую возможность бесплатно. Для меня открылся новый и интересный мир кондитерского дела», – делится слушательница курса, многодетная мама Ардак Шинтемирова.

Теперь она хочет открыть свой мини цех по производству печенье и других кондитерских изделий.

«У каждой женщины есть свои любимые рецепты, свои фирменные выпечки, блюда. Но профессиональное обучение – это прежде всего соблюдение технологии, рецептуры. Это важные составляющее при ведении кондитерского бизнеса. Мы организовали эти курсы в рамках Центра развития женского предпринимательства для женщин, чтобы они смогли попробовать свои силы в новом деле, уже будучи профессиональными кондитерами», – подчеркнула председатель Совета деловых женщин Алматы Акеркин Эралиева.

В Алматы количество зарегистрированных субъектов малого и среднего предпринимательства (МСП) по состоянию на 1 января 2022 года составила 295861 единиц. Из них количество субъектов МСП, возглавляемых женщинами, составляет 126052 единиц. То есть количество бизнес-объектов, возглавляемых женщинами, приближается к половине всех субъектов МСП. Это хорошая тенденция в развитии бизнеса.

Инициатива финансируется за счет средств Азиатского Банка Развития и реализуется Программой развития ООН в Казахстане. 14 центров развития женского предпринимательства открыты в рамках партнерства «Фонд Солидарности» Министерства национальной экономики, Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК и НПП «Атамекен» в 14 регионах страны.

В Алматы в Центре развития женского предпринимательства за четыре месяца получили консультаций 415 женщин. Сейчас в центре также проходит обучение кройке и шитью.

Ш. ХАМИТОВ.

МОШЕННИЧЕСТВО

КАК ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ, МВД БУДЕТ ПРЕДУПРЕЖДАТЬ КАЗАХСТАНЦЕВ О МОШЕННИКАХ ЧЕРЕЗ SMS. МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ КАЗАХСТАНА ЗАПУСТИЛО SMS-РАССЫЛКУ ПРОФИЛАКТИЧЕСКОГО И ПРЕДУПРЕДИТЕЛЬНОГО ХАРАКТЕРА — ТАК ГРАЖДАН БУДУТ ПРЕДУПРЕЖДАТЬ О МОШЕННИКАХ, СООБЩАЕТСЯ НА ОФИЦИАЛЬНОМ ПОРТАЛЕ МВД РК POLISIA.KZ.

МВД БУДЕТ ПРЕДУПРЕЖДАТЬ...

«Поскольку мобильная связь доступна почти каждому жителю Казахстана, вне зависимости от его места проживания и нахождения, передача информации об участившихся фактах мошенничества с помощью SMS позволит оперативно информировать широкий круг граждан», – считают в ведомстве.

Правоохранители призвали казахстанцев быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности:

ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным» инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону;

никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах и, тем более, коды и кодовые слова – даже лицам, представляющимся сотрудниками банка, полиции и т. д.;

не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара;

не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода;

для установки приложений пользоваться только официальными источниками: App Store, Play Market и т. д.;

не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо содержатся в спам-рассылках от неизвестных контактов или во всплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой;

регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D-защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками;

чаще проверять передвижение денег на своих счетах.

ПРОЕКТ

УЧИТЕЛЕЙ С 25-ЛЕТНИМ СТАЖЕМ БУДУТ НАГРАЖДАТЬ...

В Казахстане планируют награждать учителей почетным знаком за самоотверженный 25-летний труд и неоценимый вклад в развитие педагогической деятельности, передает корреспондент МИА «Казинформ».

Соответствующий документ о внесении дополнений опубликован на сайте «Открытые НПА».

«Почетный знак «Ұстаздық қызметіне адалдығы үшін» присваивается педагогам дошкольных организаций образования, организаций среднего (начального, основного среднего, общего среднего), технического и профессионального, послесреднего образования, специализированных, специальных организаций образования, организаций образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, организаций дополнительного образования, имеющим педагогический стаж 25 лет», – говорится в проекте приказа.

Публичные обсуждения продлятся до 5 сентября 2022 года.

ПРОИСШЕСТВИЕ

ТЮЛЕНЬ ДО КРОВИ ИСКУСАЛ ДЕТЕЙ В АКТАУ

По сообщению Sputnik, в Актау небольшой тюлень напал на детей. Инцидент произошел недалеко от берега в 14-м микрорайоне, где купались дети. Одной из девочек тюлень укусил руку, второй – область плеча и спину.

По словам Елены, матери одной из пострадавших, ее 12-летняя дочь с 11-летней подругой купались недалеко от берега.

«Мы вообще не знали, что он там плавает. Он подплыл и напал на нас», – говорят девочки.

Они испытали шок, а находившиеся там взрослые никак не отреагировали на произошедшее.

Девочка сразу позвонила маме и сообщила о случившемся. Женщина отвезла обеих областную больницу, обработав раны перекисью водорода.

«Видимо, когда дети барахтались в воде, тюлень отреагировал и почувствовал это как агрессию. Тюлени-то сами не нападают. В детстве мы также плавали в полметре от них, и все обходилось благополучно. Вода сейчас теплая, и они приплывают ближе к берегу», – говорит женщина.

Теперь подросткам до 16 сентября будут делать прививки,, сообщает издание «Лада».

Мать девочки просит ДЧС Мангистауской области выделить на набережную спасателей, так как подобные случаи нападения тюленей происходят не впервые.

Елена также просит горожан не проявлять агрессию к тюленям и быть более бдительными. Напомним, в июле этого года отдыхающие опять закидали камнями тюленя на пляже в Актау.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ БІРІНШІЛІК

US OPEN ТУРНИРІ БАСТАЛАДЫ

29 тамыз бен 11 қыркүйек аралығында Нью-Йоркте АҚШ-тың ашық біріншілігі басталады. «Үлкен дулыға» санатындағы бұл турнирге әлемнің барлық мықты теннисшісі қатысады деп күтілуде. Солардың арасында АТР мен WTA рейтингтерінде үздік бестіктің қатарында жүрген Даниил Медведев (Ресей), Александр Зверев (Германия), Рафаэль Надаль мен Карлос Алькарас (Испания), Новак Джокович (Сербия), Ига Швентек (Польша), Анетт Контавейт (Эстония), Мария Саккари (Грекия), Паула Бадоса (Испания) және Онс Жабер (Мысыр) сынды мықты ойыншылар да бар.

US open турнирінің 141 жылдық тарихы бар. Алғашқы біріншілік сонау 1881 жылы ұйымдастырылған болатын. Ол кездері ерлер сайысында Ричард Сирсқа тең келер ешкім табылмады. Бостон қаласының тумасы қатарынан жеті жарыста бас жүлдені қанжығасына байлады. XX ғасыр табалдырықтан аттаған тұста Уильям Ларнедтің тасы өрге домалады. Нью-Джерсиде дүниеге келген саңлақ жеті додада дара шықты. Жиырмасыншы жылдары Билл Тилденнің қарқыны өте күшті болды. Филадельфияның төл тумасы Ларнедтің жетістігін қайталады. 1926 жылы аталған жарыста алғаш рет шетелдік ойыншы жеңіс тойын тойлады. Ол Францияның аты аңызға айналған азаматы Рене Лакост еді. Келесі маусымда ол өзінің көрсеткішін қайталаса, 1928 жылы дәл сол мемлекеттің өкілі Анри Коше қарсылас шақ келтірмеді.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары АҚШ-тың қос мақтанышы – Джимми Коннорс пен Джон Макинройдың мерейлері үстем болды. Алғашқысы – бес, екіншісі – төрт рет теңдессіз деп танылды. Ғасырлар тоғысында Америкада тұрып жатқан грекиялық Пит Сампрас алдына жан салмады. Ол бес жарыста топ жарды. 2004-2008 жылдары швейцариялық Роджер Федерер қатарынан бес турнирде қарсылас шыдатпады. Былтырғы додада бұл күндері әлемдік рейтингте көш бастап тұрған ресейлік Даниил Медведев жеңіске жетті. Финалда ол Сербияның саңлағы Новак Джоковичті сан соқтырды.

Әйелдер арасындағы бәсекелерде XX ғасырдың басында норвегиялық Молла Бьюрштедтің бақ жұлдызы жарқырай жанды. Скандинавия түбегінің теннисшісі сегіз жарыста алдына жан салмады. Көп ұзамай американдық Хелен Уиллз-Муди жеті жеңіспен тоқтады. Оның отан-дасы Крис Эверт 1975-1982 жылдар аралығында алты додада дара шықты. XXI ғасырда Серена Уильямс шашасына шаң жұқтырмады. Нью-Йорктегі бәсеке-де АҚШ-тың әйгілі ойыншысының алты мәрте мерейі үстем болды. Былтыр өткен жарыста Эмма Радуканудың тегеурі-ніне ешкім шыдай алмады. 18 жастағы Ұлыбритания өкілі ақтық сайыста өзінің құрбысы, канадалық Лейла Фернандес-тен басым түсті.

Қазақстанның теннисшілері арасынан АҚШ-тың ашық біріншілігінде ең тәуір көрсеткішке Юлия Путинцева қол жеткізді. Осыдан екі жыл бұрын ол ширек финалға дейін жетті. 2016 жылы Ярослава Шведова төртінші кезеңде сүрінді. Ал 2013-2020 жылдар аралығында Михаил Кукушкин бес рет үшінші айналымнан аса алмады. 2014 жылы Зарина Диас, 2019 жылы Александр Бублик және 2021 жылы Елена Рыбакина дәл сол межеге келіп тоқтады. Иә, жекелеген сайыста жолымыз оңғарылмағанымен, жұптық бәсеке-де бағымыздың жанғаны жанкүйерлердің жадында. Сонау 2010 жылы американдық Ваня Кингпен жұп құраған Шведова US open додасында бас жүлдені олжалады. Бұл қазақстандық теннисшілердің «Үлкен дулыға» санатындағы турнирлердегі алғашқы жеңісі еді.

«Үлкен дулыға» санатына енген жарыстардың жүлде қоры да мол болатыны мәлім. АҚШ-тың ашық біріншілігіне қатысқан ойыншылардың материалдық жағдайларын жақсартуға мүмкіндіктері зор. Биыл аталған доданың жүлде қоры 60 миллион долларды құрап отыр. Тарқатып айтсақ, ерлер мен әйелдер арасындағы бәсекеде бас жүлдені олжалаған ойыншы 2,6 миллион долларды иемденеді. Ақтық сында жеңілген-дерге сол соманың тең жартысы беріледі. Жартылай финалға дейін жеткендердің есепшотына

705 000 аударылса, ширек фи-налға шыққандар 445 000-ды еншілейді. Төртінші кезеңде ойнағандар 278 000-ды иеленсе, үшінші айналымда сүрінгендер 188 000-ға иелік етеді. Екінші кезеңде ұтылғандар 121 000-ды қалтаға басады. Тіпті, тұсаукесер кездесуінде жеңілістің кермек дәмін татқандар да құрқол қайтпайды. Осы біріншілікке қатысқанның үшін ғана 80 000 долларды қалтаңызға басасыз. Міне, сол себепті де Нью-Йорктегі турнирде бақ сынауға барлық теннисші ниет етіп отыр.

ХОККЕЙ

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДЕН ЖЕҢІС КҮТЕМІЗ

КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫҢ 12-22 ҚАҢТАРЫ АРАЛЫҒЫНДА АҚШ-ТЫҢ ЛЭЙК-ПЛЭСИД ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН XXXI ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДАДА ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ ҚАЙ КОМАНДАЛАРМЕН КҮШ СЫНАСАТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.

Ерлер арасындағы жарыста 12 команда өнер көрсетеді. Олар – АҚШ, Канада, Чехия, Ұлыбритания, Мажарстан, Жапония, Оңтүстік Корея, Латвия, Словакия, Швеция, Украина және Қазақстан құрамалары. Бірінші кезеңде олар алты-алтыдан екі топқа бөлініп, өзара шеберлік байқасады. Соның нәтижесі бойынша алдыңғы екі орынды иеленген төрт ұжым плей-оффқа жолдама алып, жүлделі орындар үшін таласады.

Шайбалы хоккейден өтетін әлем чемпионаттарында үнемі көш соңында қалып қойсақ та, Жер-жаһанның студенттері бас қосқан жарыстарда жерлестеріміз жақ-сы өнер көрсетіп жүр. Мәселен, 1993 жылдан бері Дүниежүзілік Универсиаданың жалауы 14 мәрте желбіреді. Сол бәсекелердің бесеуінде Қазақстанның хоккейшілері жеңіс тұғырына көтерілді. 1993 жылы Закопанеде Ресейге ғана есе жіберіп, күміс медальді иелендік. 1995 жылы Хакада бас жүлдені олжаладық. Ол турнирдің финалында Чехияны сан соқтырдық. Ал 2013, 2015 және 2017 жылдары күміс медальды еншіледік. Испания мен Словакия бірлесіп өткізген Универсиадада Канададан жеңілсек, Тренто мен Алматыда ресейліктерге жол бердік. 2019 жылы Красноярскіде шымылдығы түрілген байрақты бәсекеде айдын иелерінің асығы алшысынан түссе, күміс пен қола медальды словактар мен канадалықтар иеленді. Міне, осы деректердің өзі-ақ шайбалы хоккейді серік еткен отандық студенттеріміздің әлеуеті қаншалықты жоғары екенін аңғартып тұр. Олай болса, жерлестерімізден Лэйк-Плэсидте де жеңістер күтеміз.

Әйелдер арасындағы жарыс 2009 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Сол аралықта бас жүлденің үшеуін Канада жеңіп алса, үшеуінде Ресей хоккейшілерінің бағы жанды. Келесі жылы өтетін жарыста Канада, Чехия, Ұлыбритания, Жапония, Словакия және США құрамалары айналма жүйе бойынша ойнайды. Бұл бәсекеде де төрт үздік команда плей-оффта күш сынасу мүмкіндігіне ие болады.

БАСКЕТБОЛ

МАЖАРСТАНДА БАСКЕТБОЛДЫҢ 3Х3 ТҮРІНЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ КУБОГЫ БАСТАЛАДЫ. БҰЛ ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ДА ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ.

МАЖАРСТАНДА ОЙНАЙДЫ

Жерлестерміз D тобында ойнайды. Қарсыластарымыз – Украина, Литва, Бахрейн және Бразилия құрамалары. Біздің жігіттер өздерінің тұсаукесер кездесуін Балтық жағалауынан келген баскетболшылармен өткізеді. Аталған жарыста ел намысын Радислав Родионов, Степан Якубович, Әмір Тәшімов, Елдар Хилажев, Әнуар Арғынбаев және Тимур Батырқұл қорғайды.

«Бір айға созылған Әлем кубогына дайындықты жақсы өткіздік. Жігіттеріміздің барлығы да өздерін жақсы қырынан көрсетті. Иә, қарсыластарымыздың барлығы да мықты екені мәлім. Бірақ біз де қарап қалмаймыз», дейді құраманың жаттықтырушысы Ривқат Бабекенов.

Естеріңізге сала кетейік, былтыр өткен Әлем кубогында қазақстандық ойыншылар ширек финалға дейін жеткен болатын.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

КҮНІНЕ ҚАНША БАЛ ЖЕУГЕ БОЛАДЫ?

Балдың емдік қасиеті ерте заманнан белгілі. Сонымен қатар, бал соншалықты зиянсыз да емес. Оның пайдасы мен зиянын гастроэнтеролог, аллерголог-иммунолог Елена Манило айтып берді.

«Калориялары бойынша бал қанттан сәл ғана төмен, сондықтан оны қалыпты мөлшерде тұтыну керек. Денсаулық пен сымбатқа зияны тимеуі үшін күніне 3-4 шай қасықтан артық бал жеуге болмайды. Негізен балды таңертең жеу ұсынылады», –деп ескертеді гастроэнтеролог, аллерголог-иммунолог Елена Манило.

Егер күнделікті қант тұтынатын болсаңыз, онда балдың мөлшерін де азайту керек. Мысалы, екеуін күніне екі шай қасықтан артық жемеу керек.

Балдың құрамында көмірсулар көп, сондықтан энергияның тамаша көзі. Оның құрамында әртүрлі микроэлементтер мен пайдалы қышқылдар бар. Дегенмен балдан жеткілікті мөлшерде дәрумен аламын деу қате.

«Балдың құрамындағы дәрумендердің мөлшері өте қарапайым. Әсіресе жемістер мен көкөністермен салыстырғанда аз. Бұл өнімнің көмегімен дәрумен жетіспеушілігін толтыру мүмкін емес. Ол үшін бірнеше килограмм жеуге тура келеді», – дейді дәрігер.

Балдың емдік қасиеті бар дейді, бұл дұрыс. Оның құрамында бактерияға қарсы биологиялық белсенді заттар – фитонцидтер бар.

«Бал тамақ ауруы немесе жөтелге көмектесе алады. Оны аз мөлшерде және таза күйінде жеу керек», – дейді Елена Манило.

Бірақ балды ыстық шайға емес суыған шайға қосып ішкен дұрыс екен. Ыстық суда өнім пайдалы қасиеттерін жоғалтады. Сол сияқты қатты суыған су да балға осылай әсер етеді. Сондықтан оны бөлме температурасында ішу керек.

«Бал жүрек-қантамыр жүйесі үшін өте пайдалы. Бұл жоғары және төмен қан қысымын қалыпқа келтіруге көмектеседі. Өнім қандағы холестерин деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді, бұл қан тамырларының денсаулығы үшін де маңызды», – дейді маман.

Бал жасушалардың инсулинге сезімталдығын арттыратын және қандағы қантты қалыпқа келтіретін адипонектин гормонының өндірісін ынталандыру арқылы ағзадағы зат алмасуға пайдалы әсер етеді.

«Сондықтан бал қант диабетімен ауыратындар үшін пайдалы, бірақ оны да мөлшерімен ішкен дұрыс», – деп ескертеді дәрігер.

Балдың құрамында антиоксиданттық қасиеттері бар органикалық қосылыстар – флавоноидтар мен фенол қышқылдары бар. Осының арқасында, бал иммундық жүйені қолдауға көмектеседі және дене жасушаларын қорғайды.

Кімге бал жеуге болмайды?

• Барлық артықшылықтарға қарамастан, балды қолдануға көптеген қарсы көрсеткіштер бар:

• бұл өте аллергенді өнім, тіпті кішкене бөлігі ауыр аллергиялық реакция тудыруы мүмкін;

• балдың құрамындағы қышқылдар гастрит пен асқазан жарасының өршуін тудыруы мүмкін, сондықтан оны асқазан-ішек жолдарының аурулары бар адамдарға сақтықпен қолдану ұсынылады;

• бір жасқа дейінгі балаларда аллергияны тудыруы мүмкін, сондықтан бал бір жасқа дейінгі нәрестелерге қатаң тыйым салынады.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЫЛСЫМ ЖЕРЛЕР

ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМЫ ҚАШАН ДА ЖҰМБАҚ. ОНЫҢ БАРЛЫҒЫНЫҢ СЫРЫН АША БЕРУ ДЕ МҮМКІН ЕМЕС. ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАЙЫПТАРЫ АДАМЗАТТЫҢ АЛАҚАНЫНА БҮКІЛ ҚҰПИЯСЫН АШЫП САЛМАЙ, ӘЛІ КҮНГЕ БІР СЫРЛАРЫН ІШТЕ БҮГУМЕН КЕЛЕ ЖАТЫР. БҰҒАН ДЕЙІН ӘЛЕМНІҢ ТЫЛСЫМ СЫРЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫРҒАН БОЛАТЫНБЫЗ. ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЫЛСЫМ ЖЕРЛЕРДІ ҰСЫНАМЫЗ.

Шайтанкөл

Шайтанкөл Жамбыл облысындағы Қарқаралы тауларында орналасқан. Оған еш-теңешкандай өзен құймайды. Бірақ сонда да таза болып тұрады екен. Шайтанкөлдің кей жерлері түпсіз терең дейді зерттеушілер.

Аңыз бойынша көлде айдаһар өмір сүреді. Өлкетанушы А. Печерский ұзындығы 15 метрге жететін жылан іспеттес құбылықтың көлден су ішетін жануарлармен көректенетінін айтқан.

Үңгіртас

«Жер кіндігі» деген атаумен елге мәлім бұл аймақ Ұзынағаштан 34 шақырым жердегі Қастек өзенінің жағалауында орналасқан. Аңыз бойынша бұл жерде сопылық бағыттың негізін қалаушы Қожа Ахмет Яссауи қалған ғұмырын өткізген екен. Үңгіртасқа туристер де дін ұстанған адамдарда ат басын бұрады. Көбіне омыртқа, бас ауруы, көз тиюден емделетіндер келеді. Адамдардың айтуынша, бұл жердегі тастардың қарғысты қайтаратын құдіреті де бар екен.



Өлікөл

Талдықорғандағы бұл су қоймасының ерекшелігі қысы-жазы суық болып тұрады. Өлікөлде балық та балдырлар да жоқ, тіпті басқа жәндіктер де мекендемейді. Себебі, су астынан бөлінетін газ көлді тіршілік үшін жарамсыз еткен. Жергілікті халық суға жолай бермейді. Өлікөлде жүзуге болмайды. Арнайы аппаратпен түскен адамның өзі көп өтпей тұншығып қалады. Туристер суға түсіп қайтыс болады екен. Өлген адамның денесі су астында тікесінен-тік тұрып қалады.

Барсакелмес

Барсакелмес – Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі түбек. Қызылорда облысының Арал ауданында орналасқан. Теңіз суы тартылғанға дейінгі ұзындығы 28 шақырым, енді жері 8 шақырым, ауданы 133 км2 (1987) арал болған.

Барсакелмес туралы аңыз көп. Соның бірі бұл жерде уақыттың тез өтетіні туралы. Аралды зерттеуге барған топ Барсакелместе тұманның ішінде адасып 3 күн жүрген. Тұманнан шыққасын өздерінің 3 ай жоғалып кеткенін естіп таң қалған екен.

Уфологтар (аномальды құбылыстарды зерттеушілер) Барсакелмес аралы қуатты геоактивті аймақтың ықпалында деп есептейді. Осыған байланысты барлық аномальды құбылыстар, атап айтқанда, осы уақыт өзгерісі орын алады. Ал кейбір теоретиктер Барсакелмес бір кездері құпия зерттеулер жүргізілген арнайы сынақ аралы болған деп есептейді.

Тағы бір аңыздар бойынша, 1950-60 жылдары аралда Әбдіразақ есімді кісі тірлік кешкен, оны ол жерге туыстары апарып тастаған көрінеді. Әбдіразақ бірнеше рет ұшатын тәрелкеге ұқсайтын белгісіз нысандарды байқаған.

КЕРЕК КЕҢЕС

БАЛАНЫҢ ИММУНИТЕТІН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

Оқу жылының басталуымен бірге балалардың жиі тұмауратуы да басталады. Оның алдын алу үшін мектеп алдында бала иммунитетін көтерудің 5 қарапайым әдісін ұсынамыз.

Жүйелі түрде жаттығу

Иммунологтар баланы күнде таңертең жеңіл жаттығу жасауға үйретуге кеңес береді. Таза ауада жаттықсаңыздар, тіпті, жақсы. Бастысы – бала одан рахат алуы керек.

Өсімдік препараттары

Жаздың соңы да табиғи сыйлықтарға бай: шөптер, жемістер, көкөністер. Олар синтетикалық қосымшаларға қарағанда пайдалы және қауіпсіз. Ағзаның бактериялар мен вирустарға төзімділігін арттыруға қызылкүрең (эхинацея) тұнбасы, түймедақ шайы, итмұрын компоты көмектеседі.

Шынығу

Шынығу – баланы тұмаудан қорғаудың ең қарапайым және сенімді әдісі. Жаймендеп таңертең жүгіруден және әдеттегіден шамалы төмен температурадағы суға түсуден бастауға болады. Осылайша, ағзаны суық мерзімге біртіндеп дайындауға болады.

Мәзірді түрлендіру

Рационға көбірек ақуыздар мен күрделі көмірсулар, минералдар мен С дәруменін қосу қажет. Мысалы: ет, балық, жаңа піскен көкөністер мен шөптерден салат, ботқалардан жасалған гарнирлер.

Ұйқы режимін сақтау

Ұйықтар алдында мультфильм қарау бала ағзасына пайдалы емес. Ұйқы режимінің сақталмауы баланың иммунитетін әлсіретіп жібере алады. Сондай-ақ баланың ұйқысы жиі қанбаса, иммунды жасушалар әлсірей бастайды.

Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 848
Индекс 15534